Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№38 (1741)
19 қыркүйек 2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

# ҚАТЫСАТЫНДАР ҚАТЫСПАЙТЫНДАРДАН КӨП...

Биылғы жылдың 11-12 қыркүйек аралығында СОЦИС-А Кешенді әлеуметтік зерттеулер институты халық арасында телефон арқылы сауалнама жүргізген.

17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан азаматтар қатысқан сауалнама ауқымы 1000 респондентті қамтыпты.

Сауалнамаға 3 сұрақ енгізілген.

Сауалнама қорытындысы бойынша ***Сіз АЭС салу бойынша референдумға қатысасыз ба*** деген бірінші сұраққа қатысушылардың ***35,6%-ы міндетті түрде барамын, тағы да 20,2%-ы «Мүмкіндігінше баруға тырысамын»*** деп жауап берген. Демек респонденттердің ***55,8%-ы, яғни*** сауалнамаға қатысқан әрбір екінші адам референдумға баруға дайын.

Сауалнамаға қатысқандардың оннан бір бөлігінен астамы, яғни **12,2%-ы «референдумға қатыспаймын»** деген. Сондай-ақ әлі де ойын тиянақтап бір тоқтамға келмегендер де бар. Мәселен респонденттердің **16,6%-ы референдумға бару, бармау туралы** әлі шешімге келмегенін айтқан.

Сауалнамадағы ***Қазақстанда АЭС салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады*** деген екінші сұрақ бойынша сауалнамаға қатысқандардың 13,6%-ы **«бұл жаңалықты бірінші рет естіп отырғанын»** (*атом электр станциясын салуы мүмкін деген жаңалықты бірінші рет естіп отыр*) айтқан.

Ал аз бөлігі, яғни 1,8%-ы бұл сұраққа «***жауап беруге қиналамын»*** деген.

***«Қазақстанда атом электр станциясын салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?»*** деген сұраққа пікірлер эмоционалды ұстанымнан бастап толығымен прагматикалық дәлелдерге дейін құбылады, дейді институт зерттеушілері.

Мәселен, ***«азаматтардың денсаулығына әсер етуі ықтимал»*** және ***«экологияға әсер етуі ықтимал»*** деген эмоционалды пікірлері бар жауаптарды таңдау тиісінше ***59,5%*** және ***54,1%-ды*** құраған. Бұл, ең алдымен, желіде АЭС салу ықтималдығы туралы алғашқы ақпарат пайда болған сәттен бастап мұндай жобалардың қауіптері туралы әртүрлі пайымдар тарала бастағандығына байланысты болуы мүмкін екен.

Сауалнамаға қатысқан халық арасында АЭС-те қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шаралары бойынша прагматикалық ойлар айтқандар да бар екен. Мәселен респонденттердің ***43,1%-ы «Апаттардың алдын алу жөніндегі қауіпсіздік шаралары», 24,9%-ы «Радиоактивті қалдықтарды басқару», 16%-ы «Кадрлық әлеует»*** ойландыратынын көрсеткен.

***«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»*** деген үшінші сұраққа ***келісетіндердің*** үлесі ***60,4%*** құраған.

Сауалнамаға қатысқандардың 30,1%-ы АЭС салу идеясын ***қолдамайды екен***.

***Сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы адам, яғни 9,5%ы-*** атом электр станциясының құрылысына қатысты сұраққа жауап беруден бас тартқан.

**Зерттеудің жалпы қорытындысы** респонденттердің 55,8%-ы өз азаматтық ұстанымын көрсетуге және АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беруге ниет екендігін, АЭС құрылысын қолдаушылардың үлесі 60,4% екендігін байқатты.

Сауалнама жүргізушілердің пікірінше жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижесінде әрі қарай жария түсіндіруді талап ететін экологиялық және техникалық қауіпсіздік критерийлерінің контуры межеленді. Атап айтқанда, халық денсаулық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ құрылыстың техникалық жағы және атом станциясының болашақ жұмысшыларының кадрлық құрамының кәсібилік деңгейі туралы алаңдайды.




Президент Жарлығына сәйкес 6 қазанда республикалық референдум өткізіледі.

Аймақта 492381 азамат дауыс беруге құқығына ие. Облыста 380 учаскелік референдум комиссиясы құрылған, мұнда 2652 комиссия мүшесі қызмет атқарады.

Дауыс беруші азаматтарға қолайлы жағдай жасау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылады.

Учаскеге келіп өз таңдауын жасайтын азаматтар арнайы ширмамен жабдықталған кабиналарда дауыс береді. Мүгедектігі бар азаматтар үшін де кедергілер жоқ. Барлық учаскелер 1-қабатта орналасқан және арнайы құрылғылармен жабдықталған.

Көру қабілеті төмен азаматтар үшін Брайл шрифті бар трафареттер берілсе, сөйлеу мүмкіндігі жоқ тұрғындар үшін бюллетень толтырудың ережесі көрсетілген аудиоматериалдар қолжетімді болады. Дауыс беру күні аймақ бойынша 20-ға жуық инватакси қызмет атқаратын болады.

Егер де азамат денсаулық жағдайына және науқас адамға күтім жасауына байланысты учаскеге келіп дауыс беруге мүмкіндігі жоқ болса 6 қазан сағат 12.00-ге дейін учаскеге өтініш қалдыра алады. Мұндай жағдайда комиссияның 2 мүшесі тасымалданатын жәшік арқылы азаматтың үйіне барып дауыс беруді ұйымдастырады.

Айта кетейік, өңірде тұрғындар өз учаскесін referendum.orda.gov.kz сайты арқылы көре алады. Азаматтар сайтқа кіріп, ЖСН нөмірін теру арқылы өз учаскесін оңай таба алады.

Мұнда комиссиясының мекен-жайы, байланыс деректері және комиссия мүшелерінің құрамы туралы ақпаратты ала алады.

Бұл қызметтер «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасында және Telegram желісінде де бар. https://t.me/referendumKzo_bot арнайы бот жұмыс істейді. Сондай-ақ, дауыс беру күні Қызылорда қаласында 5 учаскеде онлайн сервис ашылып, тізімде жоқ азаматтарды тіркеу қызметімен айналысады.

# «БЕЙСЕМБАЕВТЫҢ» БҰЗЫЛҒАН БОТҚАСЫНА РАҚМЕТ...

**Оқу-ағарту министрлігі оқу жылын 460 баланың уланумен бастады. Маңғыстау облысында жүздеген бала астан уланды деген хабар тарап, ел шулап жатыр. Тіпті Премьер-министр араласып, іс үкіметтің қарауына алынғанын айтқан.**

Алдымен, 6-шы қыркүйек күні Маңғыстау облысындағы Мұнайлы ауданындағы №8-і мектептің 21 оқушысының қызуы көтеріліп, іші ауырған соң жедел жәрдем көмегіне жүгінген. 7 қыркүйек күні олардың саны 67-ге жетті. Ал 9-шы қыркүйекте ауырғандардың саны 460 екені, оның 83-і ауруханада жатқаны мәлім болды. Олардың бәрі бастауыш сынып оқушылары көрінеді. Соңғы деректерге сүйенсек, жансақтау бөліміндегі екі бала палатаға ауыстырылған.

Алғашқы күндері ауырып келгендердің кезегі қалыңдап, ауылда орын жетіспеушілігі де байқалыпты. Олардың көпшілігі Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасына жатқызылған. Аталған медициналық мекеме өкілдерінің айтуынша, балалар құсып, іштері өткен, қызулары түспей қойған.

## БҰЛ БІРІНШІ ЖАҒДАЙ ЕМЕС

Жағдайы тұрақталғандар үйге жіберілсе, қалғаны әлі де дәрігерлердің бақылауында. Ата-аналар аурудың себебі асханада берілген тамақ деп күмәнданады. Өйткені ондағы тамақ балаларға бұрыннан ұнамайды екен, сапасы сын көтерерлік болмапты. Бұл туралы оқушылардың бірінің анасы Дариға Аманова әлеуметтік желідегі парақшасында былай дейді:

- Асхананың мәселесі жаңадан пайда болған жоқ. Бұл бірінші жағдай емес, өткен жылы да осы секілді мәселе болған. Бірде балам асханада берген ботқаның қышқыл екенін айтты. Сол кезде басқа ата-аналарға хабарласып, балаларыңыз мектепте тамақ ішіп жүр ме деп сұрадым. Олар да шағымдары бар екенін жеткізді. Бәріміз барып, тексерейік, қарайық, осы мәселені бақылауға алайық деп ұсыныс айттым. Десек те, ешкім мән бере қоймады. Енді, міне, 460 бала уланып отыр. Сол күні оқушыларға котлет пен картоп езбесі әзірленген».

Осы оқиғадан кейін қоғамда мектеп асханаларын тамақпен қамтамасыз етушілер тендер арқылы анықталатыны, кәсіпкерлер мен мектеп басшыларының жемқорлыққа жиі баратыны айтылып жатыр. Әлеуметтік желі қолданушылары: «Мектепте тегін тамақ беріледі деген кезде-ақ қорқып едім»; «Оқу жылы басталмай жатып жаппай улану... Біздің шенеуніктер осындай!»; «Асханадағы «ИП-шниктер» ең арзан азық-түлікті алып келеді, май деп маргарин береді, тартылған еттің келісін 700 теңгеден алады. Медициналық тексерістерді «ақшасына» өтіп, СЭС келгенде де амалын жасайды. Бала мен денсаулықты ойлап, әуре болып жатқан ешкім жоқ»; «Кішкентай ғана мектептегі асхананы бақылай алмай отырмыз, соған қарамай, АЭС саламыз деп тыраштанамыз» деп, ойларын ортаға салып жатыр. Ал кейбір ата-аналар балаларының мектепте тегін тамақ берілетініне қарамастан, тамаққа ақша сұрайтынын айтады. Өйткені бүлдіршіндер асханадағы тамақ ұнамаған соң дүкеннен жүрекжалғар ала барғанды жөн көреді екен.

Елімізде тамақтан улану, балалардың жаппай ауруханаға түсуі бірінші рет емес. Бұған дейін де бірнеше шулы жағдай тіркелген. Мәселен, маусымда Түркістан облысы Келес ауданындағы балабақшаның 34 тәрбиеленушісі уланған. Өткен жылдың аяғында Жамбыл облысы Байзақ ауданында 7-10 жас аралығындағы оқушылар мектеп асханасынан ас ішеміз деп «жіті тамақ токсикоинфекциясы» диагнозымен ауырып қалған. Ал Алматы облысы Қарасай ауданындағы ауыл мектептерінің бірінде бастауыш сынып оқушыларына жарамдылық мерзімі 2 жыл бұрын өтіп кеткен йогурт берілген. Қарағандыда 14 бала зардап шегіп, екеуі қаза тапқаны да ұмытыла қоймады. Осындай оқиға болған сайын Оқу ағарту министрлігі де, Денсаулық сақтау министрлігі де бақылаудың күшейетінін, тағы сол секілді шаралардың қабылданатынын айтып, есеп береді. Қылмыстық іс қозғалады. Алайда асханадағы тамақ сапасы артқаны шамалы. Сол уәделер орындалғанда 460 бала уланар ма еді? Бұл жолы да әдеттегі сценарий мен шаблон. Тексеріс, брифингтер, әкімдік пен министрліктің жаттанды сөзі, Премьер-министрдің ескертуі...

## КӘСІПКЕР МЕКТЕПТІ КІНӘЛАЙ МА?

Кінәлілерді анықтау үшін Маңғыстау облыстық полиция департаменті улану дерегі бойынша қылмыстық іс қозғап, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет тексеріс бастаған. Бұл орайда жергілікті СЭС қызметкерлерінен бөлек, Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығына қарасты Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығының мамандары да Маңғыстауға арнайы барған. Олардың немен айналысып жатқанын, қандай қорытындылар жасағанын білу үшін орталық директорының оперативті қызмет жөніндегі орынбасары Ғазиз Дүйсенбекұлы БАҚ өкілдеріне кішігірім сұхбат берді.

- «Орталық мамандары прокуратурадан рұқсат алып, Маңғыстаудағы жергілікті мамандармен бірге жоспардан тыс тексерісті бастады. Негізінен зертханалық тексерулер жүргізіліп, патогенді микрофлора назарға алынды. Сол күнгі тағамнан, қоймадағы еттен, шайындылардан, ауырған балалардың дәреті мен құсығынан сынамалар тексеріске берілді. Арнайы оперативті қызметкерлер азық-түлікті тасымалдау, сақтау, дайындау кезеңдері бойынша бақылау жүргізген. Себебі қателіктің қай тұстан кеткенін білуіміз қажет. Эпидемиологиялық тергеу тез арада біте қоятын шаруа емес. Сондықтан тиісті жұмыстар толық аяқталған соң ғана нақты қорытындысын айта аламыз.



Негізінен, бұл ситуацияда адами фактор рөл ойнап отыр. Себебі кәсіпкерлер ішкі бақылауға баса мән бере бермейді. Заңға сәйкес, бизнесті кез келген уақытта тексеруге құқық жоқ. Тек алдын ала айтып, бір ай бұрын хабарландыру беріп, күнін белгілеп барады. Ол уақытта кәсіпкерлер «жуынып-шайынып», дайын отырады, кем-кетігін көрсетпейді. Ал басқа кездегі жағдайдың қандай екенін біле алмаймыз... Жоспарлы тексеру жарты жылда бір рет қана өтеді. Оны аудандық СЭС жүргізеді. Демек, бәрі айналып келіп кәсіпкердің жауапкершілігіне тіреледі. Сондықтан осы тұстағы жұмыстарды күшейту керек. Заңда бәрі бар, айтылған, тек орындау ақсап жатады», – деді ол.

№8-ші мектептің асханасын жүргізіп отырған жеке кәсіпкер Дәметкен Шәкенова БАҚ өкілдеріне былай деген болатын:

- «Мен осы мектеппен қосқанда 4 мектептің асханасын жүргіземін. Бірақ тек №8 мектепте қиын жағдай орын алып отыр. Оқиға күні аспаздар әдеттегі жұмыстарын істеген. Азанғы және түскі ауысымдарға жеке-жеке ас әзірлеген. Өзімді ақтамаймын, немесе басқаларды кінәламаймын. Себебі қолымда нақты тұжырымдама жоқ. Десек те, мәселе басқа жақтан болуы да ықтимал екенін де ұмытпау керек. Мысалы, мектептегі су. Осыған дейін онда фильтрлер болғаны рас, бірақ қазір жоқ. Балалар сол суды ішеді. Асхана да сол суды пайдаланады. Мектеп өз жауапкершілігіндегі осы бір жұмысты тиянақты орындамаған. Оқушылар уланып, тексеріс келе жатқанда ғана 1-2 фильтр орнатқан секілді.

Әрі тамақты дайындаудан бұрын оны сатып алу мен жеткізу ісі бар. Азық-түлікті жеткізуде арнайы термомашиналар қолданамыз. Сақтау жағынан да барлық қажетті шаралар жасалған. Ал азық-түліктің өзін сертификатталған жерлерден ғана әкелеміз. Яғни жеткізуші мен сертификатқа сенеміз. Алайда оның арғы жағындағы не болып жатқанына жауап бере алмаймыз. Мәселен, сатушы жалған сертификат қолданса да, тауардың сапасына қатысты өтірік айтса да сатып алушы оны білмей қалады ғой.

Сол күні бізде балық котлеті берілуі керек еді. Рационда балық көп болсын деген тапсырмамыз бар. Бірақ мен әуел бастан-ақ ол мәзірден бас тартқанмын. Себебі жақын маңда сертификатталған балық сататын нүктелер кездеспейді. Жеке саудагерлерден немесе базардан алу сенімсіз. Сондықтан тауық етін алдырғанбыз.

Дәл қазір, тергеуге шақырып жатыр. Сонда барамын. Бір ескеретіні, ауданда дәл сондай белгілермен ауырып жатқандар көп секілді. Бүтін отбасылар, ересектер де. Желіде инфекция жүріп жатқаны туралы да жазылуда. Менің қызметкерлерімнің бірінде де сондай жағдай. Әрине, дөп басып ештеңе айта алмаймыз. Десек те, мәселені тек асханаға немесе кәсіпкерге ғана байланыстыруға әлі ерте. СЭС-тің протоколы шығыпты дейді. Бірақ маған әлі бермеді. Адвокат арқылы талдау нәтижелерін сұратып отырмын», – дейді кәсіпкер.

11-ші қыркүйек күні Маңғыстау облыстық ауруханасына Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева барған. Ол: «Үлкен мәселелердің бірі – СЭС-тің тексерісті тек нақты шағымдардан кейін ғана жүргізе алатыны. Бір жылдан кейін әйелдер құқықтарын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заң аясында СЭС-ке ережелерге сәйкес тексерістер жүргізуге мүмкіндік беретін норма күшіне енбек», – деді. Тағы мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыруда мәселе көптігін, бірқатар заңнамалық өзгерістер қажет екенін айтты.

Ал осының бәрін алдын ала ескеруі тиіс Оқу-ағарту министрлігі Премьер-министр тапсырмасын орындау үшін өңірлерде мониторинг жүргізетін мобильді топтар құрылғанын айтумен шектелді. Басқа-басқа «Бастауыш сынып оқушыларының бәріне тегін ыстық тамақ ұйымдастырылған» деп, әр есебінде мақтанатын министр Ғани Бейсембаев осы оқиғаға қатысты мәлімдеме жасағаны былай тұрсын, тамақтан ұшынып, ауруханада, үйлерінде жатқан оқушылардың көңілін сұрап барып, жағдайымен танысып қайтуы керек еді. Ал ол науқастардың көңілін сұрау үшін комитет мамандарын жұмсап жіберіпті.

Айтпақшы, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова «мектеп асханаларындағы тамақтандыру сапасының көңілден шықпайтыны» туралы ескерткен. Оқу-ағарту министрлігі тегін беріп жатырмыз, одан артық не керек деді ме екен, елеусіз қалдырғанға ұқсайды. Егер кәсіпкер айтқандай оқушылар мектептегі судың сапасыздығынан уланса, Оқу-ағарту министрлігіне екі есе сын болайын деп тұр.

Ел ішінде, ертеректе КСРО-да «Союздың сасық сорпасына рақмет!» деп талдайтын бір әзіл болыпты. Осыны сәл өзгертіп, «Бейсембаевтың бұзылған ботқасына рақмет!» деп, оқушы атаулы тегін тамақтан бас тартып жатса таңғалмаңыз...

**Мұхаммедшах КАЮП**

## БІРЫҢҒАЙ ЕСЕП БЕРУ КҮНІ

Аймақ кәсіпкерлерінің назарына!

Кәсіпкерлік кодексінің 131-1 бабына сәйкес, бақылау және қадағалау органдары жыл сайын қыркүйектің соңғы бейсенбісінде бизнес-қауымдастық алдында есеп береді.

Бақылау және қадағалау органдарының бизнес-қауымдастық алдындағы бірыңғай есебі биыл 26 қыркүйекте өтеді.

Оған - кәсіпкерлік субъектілері, бақылау және қадағалау органдарының өкілдері, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның, сондай-ақ тиісті аумақтық бірліктің прокуратура органдарының өкілдері қатысады.

Аталған маңызды іс-шараға қатысу үшін тіркеу төмендегі байланыс нөмірлері арқылы жүргізіледі: +7 (7242) 60-54-10 «Қызылорда облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

## ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурс жариялайды.**

**Конкурс өткізілетін күн:** конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

**Конкурс өткізілетін орны:** Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 №212 бөлме.

**Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны:** «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» ШЖҚ КМК, индексі 120000,

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт Н.Назарбаев даңғылы №66, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-20-26, e-mail: polik_3@med.mail.kz

**Негізгі қызметі:** Азаматтардың денсаулығын тұрақты түрде жақсартуға бағытталған қолжетімді, сапалы медициналық көмекті көрсету.

**Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғарыбілімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптарының бірінің:**

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:**

1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) Жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнына қабылданған және еңбек шартының тоқтатылғандығы туралы

бұйрықтардың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлімшелерінен соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігі туралы берілген растайтын құжаттар. Үміткер конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып жапсырады. Бұл конвертте үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй, мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

**Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.**

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

*Паразитарлық аурулар* дегеніміз не? Паразиттердің жануар ағзасына тигізетін зияны мен келтіретін шығынын білесіз бе?

Жануарлар ағзасында гельминт (құрт), кене, жәндік және қарапайымдардың ықпалынан туындаған дерттерді *инвазиялық* немесе *паразитарлық аурулар* деп атайды. *Паразит* (тоғыштар) деген сөздің түпкілікті мағынасы – бір ағзаның екінші ағза есесінен күнелтуі, яғни өзгенің есебінен күн көруі.

Сүт қоректілердің, құстардың кез келгенінде паразиттер кездеспейтін мүшелері жоқ деп айтуға болады. Оған мысалдар келтірсек: көзде – телязий, токсаскарис, мида – айналманың қоздырушысы, ауыз қуысында – бөгелек дернәсілері (личинка) тоғышарлық тіршілік етсе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі мен ас қорыту жүйесінің өн бойы көптеген үлкенді-кішілі жұмыр, таспа, сорғыш, бөгелек құрттардың өкілдерімен, қан және лимфа айналым жүйелері пироплазмидийлер, тері-кенелер сыртқы ортаға сан қилы жолдармен инвазиялық ауру қоздырушысы жұмыртқа, балаңқұрт түрлерінде бөліп, ластайды да, бейім жануарларға азық, сумен, ауамен, тікелей жанасқанда тері арқылы беріледі.

Паразиттер жануар денесінің ішкі мүшелерінде кездессе – эндопаразиттер, ал сыртында болса – эктопаразиттер деп аталады.

Паразитарлық аурулар анықталғанда алғашқыда ауру себебінен мал ағзасын арылту қажет. Бұл мақсатта арнайы препараттармен: антгельминтиктер, инсектицидтер қолдануды қажет етеді.Сонымен қатар малды аурудан таза жайылымдарда бағу жайылымдарды уақытында ауыстырып отыру, малдың қиын арнайы қи қоймада залалсыздау жатады.

Жануар организмі есебінен күн көретін паразиттер, жануардың жалпы күйін төмендетеді. Қоңы төмен жануардың ауруға қарсы тұру қабілеті нашарлап, мал азғындап соңында экономикалық шығынға әкеп соқтырады.

Паразитарлы аурулардан өлген жануарларға өтемақы төленбейді.

Паразитарлы аурулардың алдын алу мақсатында көктем, күзде паразиттерге қарсы мал иесі есебінен тиімділігі жоғары дәрілерді егу, ұнтақ беру, бөгелектердің балаң құрт сатысына қарсы бүркіп шашу түріндегі түрлі қолжетімді бағада, ветеринариялық препараттар ұсына отырып, мал-жанымыздың амандығын тілейміз.

**Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы**

## КОНКУРС

**Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №3» управления здравоохранения Кызылординской области»**

**Дата проведения конкурса:** по истечению 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

**Место проведения конкурса:** Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, кабинет №212.

**Наименование предприятия** с указанием местонахождения, почтового адреса,телефона: КГП на ПХВ **«Городская поликлиника №3»** управления здравоохранения Кызылординской области», индекс 120000, Кызылординская область, город Кызылорда, переулок Н.Назарбаев №66, контактные телефоны: 8 (7242) 23-20-26, e-mail: polik_3@med.mail.kz

**Основная деятельность:** Оказание доступной качественной медицинской помощи, направленное на постоянное улучшение здоровья граждан.

**Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требовании:**

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации

и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации

и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

**Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссии следующие документы:**

1) Заявление об участии в конкурсе;

2) Резюме на государственном и русском языках;

3) Автобиографию, изложенную в произвольной форме;

4) Копию документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) Копию документа о высшем образовании;

6) Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекрашении трудового договора с последнего место работы;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата.

Необходимые документы предоставляется в управление здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

**Телефоны для справок: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.**

## КІНӘСІН МОЙЫНДАП, ЖАЗАСЫ ЖЕҢІЛДЕДІ

Қызылорда қаласының №2 сотында сотталушы А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Анықталғаны: Қылмыстық іс 5 эпизодты, сотталушы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілдік берілген адам бола тұра, кәсіпкерлерге қызметпен айналысуға кедергі жасап, дизель отынын беруді талап етіп, дизель отынын тұрақты түрде заңсыз алып отырған.

Бұдан бөлек, сотталушы А. қылмыстық іс-әрекеттер арқылы жеке кәсіпкерге өзінің баласының оқу ақысын келісім шартқа отырғызып, төлем төлеткен.

Сотта сотталушы А. өзіне тағылған айыпты толық мойындайтынын, кешірім сұрайтынын, кәмелет жасқа толмаған балалары барын, отбасының жалғыз асыраушысы екенін, келтірілген шығынның басым бөлігін қалпына келтіргенін айтып, жәбірленушілермен татуласқанын көрсетіп, бас бостандығы өзінде қалатын жаза қолдануды сұрайтынын көрсетті.

Жәбірленушілер өздерінің жазбаша арыздарына сәйкес кешірім беретіндерін, талап тілектері жоғын көрсеткен.

Жәбірленушілерге 26 млн. теңгеден астам шығын келген. Сотталушы кәсіпкерлерге келтірген шығындарды ішінара қайтарған.

Немен дәлелденеді: Сотталушының кінәсі маман қорытындылары мен іске тіркелген құжаттармен және шартпен, сараптама қорытындыларымен, жәбірленушілер мен куәлардың жауаптарымен, қарап-тексеру хаттамасымен және тағы басқа іс құжаттарымен толық өз дәлелін тапқан.

Сот үкімі бойынша:

Сотталушы А. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 361-бабы 1-бөлігімен және 365-бабы 2-бөлігінің 3-тармағымен кінәлі деп танылып, белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, ҚК-нің 49-бабының талабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалінен айыра отырып, түпкілікті 9 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Жәбірленушілерге келтірген шығынның 23,5 млн. теңгесі қайтырылған. Қалған 2 438 553 теңге сот үкімімен өндірілді.Сот үкімі заңды күшінде.

**Қызылорда қаласының №2 соты**

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті, не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық.

Осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруымыз керек.

Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, тегіс қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою міндет бізге.

Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратында 2024 жылы бөлінген қаржылар тиімді, мақсатына сай жұмсалуда. Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті қоғамдастық жиыны арқылы игеріліп отыр.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен жолданымдарды мерзімінде қарап, сапалы жауап берілуде.

Ауыл жастары мен тұрғындарын бұқаралық спортқа көптеп тартуда жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта ауылда арнайы екі спорт нұсқаушысы жұмыс жасап келеді.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпалын тигізуде.

Ауылдық округ бойынша жер телімдерін берудің мәселесі жолға қойылған. Жер алу кезегінде тұрған азаматтар жоқ.

Алдағы уақытта да ауылдық округте сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында ауыл көлемінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңын басшылыққа алынып, сонымен қатар барлық жұмыстар заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

**Дәулеткерей Оразбекұлы ТӘЖІБАЕВ**
**Аламесек ауылдық округінің әкімі**

## КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ мен ҚЫЗМЕТІ

2024 жылғы 5 шілдедегі №109-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес, “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізілген.

Соған сәйкес елімізде 01.07.2025 жылдан бастап Кассациялық соттар құрылады. Кассациялық соттар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, олардың құқықтарын қорғауға оң әсер ететін болады.

Бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кассациялық сотты жасақтау жөніндегі тапсырмасынан соң жүзеге асуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың қыркүйек айында өтандық бизнес өкілдерімен кездесу барысында азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығы туралы атап өтті. Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады. Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша үш жеке кассациялық сот инстанциясы құрылады.

Ең бастысы, бұл кассациялық орган толық тәуелсіз болады. Сонымен бірге істердің барлық санаттары бойынша арыздарды кассациялық сатыда алдын ала қарау сатысы алынып тасталуы да басты мәселе. Себебі бүгінге дейін істерді бір судьяның қарап, пайымдауымен алқа карауына жіберілмей келгені белгілі. Бұл азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды ренішін туындатқан еді. Сондай-ақ адвокаттар қауымы барлық санаттағы істерді қарауға тараптар міндетті түрде қатысуы керек, әрі істі алқалы құрам жүргізуі тиіс деген ұсыныстарын алға тартып отырса керек.

Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сот жүйесі барынша объективті, ашық және жария түрде сот төрелігін жүзеге асырады.

Сот жүйесіндегі барлық оң өзгерістер ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

**Кентбаев Дархан Несипбаевич**
**Қызылорда қалалық сотының төрағасы**

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

ТОО «МЧ» уведомляет Вас об изменении тарифа на прохождение подвижного состава по подъездным путям. Стоимость прохождения одного вагона будет составлять 494,68 тенге без НДС. Изменение вступает в силу с 01.10.2024г. и будет действовать по 30.09.2025г.

**МЕНШІК ИЕСІ:**

**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# “КИБЕРПОЛ” ҚЫЛМЫС АШУДА

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Ішкі істер министрінің, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің, сондай-ақ Қаржы мониторингі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттіктері төрағаларының қатысуымен Үкімет жанындағы Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді.

Жиында интернет-алаяқтыққа қарсы күрес, қаржы пирамидаларының алдын алу, қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қаралды.

Ішкі істер министрі Ержан Саденов алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде «Киберпол» арнайы топтары 2,5 мыңнан астам қылмысты ашқанын, нәтижесінде 962 млн. теңге көлеміндегі шығын өтелгенін баяндады. Сонымен қатар 914 қылмыскер ұсталған, жалған нөмірлерден түскен 58 млн. қоңырау бұғатталған. Еліміздің 5 қаласында 19 SIM-бокс және 6 мыңнан астам тіркелмеген SIM-карталары анықталды. «Антифрод-орталық» жұмысы аясында шетелге шығару сатысында тұрған 400 млн. теңге бұғатталды. Шараларды күшейту үшін несие беруден ерікті түрде бас тарту, сондай-ақ жәбірленушінің қатысуынсыз ресімделген несиелерді есептен шығару бойынша бірқатар заңнамалық түзету пысықталуда.

Үкімет басшысы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ең ұсақ құқық бұзушылықтарға да әдістемелік реакциялар қажет екенін атап өтті. Көшелердегі, қоғамдық орындардағы жалпы тәртіп шешуші рөл атқаратындықтан, қылмыс пен құқық бұзушылықтың жалпы деңгейіне әсер етпегендіктен, премьер-министр өңірлердегі жұмысты күшейтуді тапсырды.

Күн тәртібінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі қаралып, қылмыс деңгейін одан әрі төмендету бойынша қосымша шаралар кешенін әзірлеу міндеті жүктелді. Қолдауға мұқтаж отбасыларды анықтау шараларын күшейту үшін отбасының цифрлық картасының функционалдығын кеңейту керек. Сондай-ақ, балаларға қатысты зорлық-зомбылық және суицид көріністерін анықтаудың жаңа тәсілдерін әзірлеп, оқу орындарының психологиялық қызметінің жұмысын күшейту қажет. Қаржы министрлігіне кәмелетке толмағандарға алкоголь және темекі өнімдерін сатуға жол бермеу жөніндегі жұмысты жандандыру тапсырылды. Бұдан басқа, баланың психологиялық және физикалық дамуына зиян келтіретін құқыққа қарсы мазмұнға қол жеткізуді шектеуді көздейтін қосымшаны әзірлеу мәселесі пысықталатын болады.

Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиялық басымдық ретінде айқындалған. Отырыста Ішкі істер министрлігіне күш-жігерді шоғырландыру бойынша жаңа тәсілдерді іске асыру және құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа әрі тиімді жүйесін құру тапсырылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық байланыс арқылы қатысты.



# ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ВОКЗАЛДЫ КӨРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген “Қазақстан Темір Жолы” ҰК” АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевпен бірге жаңғыртылған теміржол вокзалын аралап көрді.

Өткен жылы “ҚТЖ” компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 577 млн. теңгеге вокзалдың 1905 және 1969 жылдары салынған екі ғимараты жаңғыртылды. Қасбеті қапталып, кіреберістері ауыстырылды және шатыры жөнделді. Сумен, электрмен жабдықтау, жылыту және өрт дабылы жүйелеріне жөндеу жүргізілді. Ішкі бөлмелер әрленіп, есік-терезелер қалпына келтірілді, плитка төселді. Перрон мен жолаушылар платформасына асфальт төселіп, баспалдақтар мен пандустар монтаждалды. Вокзал маңы және ғимарат іші жарықтандырылды.

Қызылорда вокзалы арқылы 28 пойыз өтеді. Жолаушылар ағыны тәулігіне шамамен 3900 адамды құрайды.

# БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛЫНБАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және спорттық үйірмелерін жан басына қаржыландыру бағдарламасы аясында мемлекеттік тапсырысты орындау мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы мемлекет қаражатын тиімді жұмсауды ескертіп, облыстық деңгейде арнайы мониторингтік топ құрылғанын атап өтті.

– **«2021-2024 жылдары балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және спорттық үйірмелерін жан басына қаржыландыру бағдарламасына облыстық бюджеттен 19,2 млрд.теңге бөлінді. Аталған бағдарламаға 2023 жылы 7,1 млрд. теңге жоспарланып, мониторинг жүргізілген соң 3,8 млрд. теңгесі бюджетке қайтарылды.**

**Бюджет қаражатын талан-таражға салуға жол берілмейді, ол үшін мониторинг ұдайы жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта адамның бет-әлпеті арқылы жеке басын анықтайтын биометриялық технологияны, яғни Face ID мобильді қосымшасын жедел орнатуды тапсырғанмын. Алайда, әлі күнге дейін нақты нәтиже жоқ! Кәсіп иелерімен келісім толық жасалмады. Бұл мәселе бойынша менің тапсырмаммен облыстық деңгейде арнайы мобильді мониторингтік топ құрылды. Топ жедел әрекет етуі үшін Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері де тиісті сала мамандарын оның құрамына енгізіп, жұмыс ауқымын кеңейтуі керек. Құрамына СЭС, полиция, салық, төтенше жағдай мамандарын, мәслихат депутаттарын, қала және аудандардағы білім, мәдениет, спорт бөлімдерінің басшыларын, қоғам белсенділерін, үкіметтік емес ұйымдарды, бала құқықтары бойынша уәкілді, тағы басқа қызметкерлерді кеңінен тарту қажет. Топ ертең толық жасақталып, жұмысқа кіріссін»,** – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мониторингтік топ сабақ өткізетін үй-жайда ыстық және суық су, дәретхана, кәріз жүйесі болуын, санитариялық талаптардың сақталуын, балалардың жеке гигиена құралдарымен қамтылуын қадағалайды. Топтағы бала санының рұқсат етілген шегінен кем болмауын, жеке шкафтармен жабдықталуын, бейнемұрағаты кемінде 30 күн сақталатын бейнебақылау камерасымен, өрт қауіпсіздігі жүйесімен қамтамасыз етілуін тексеретін болады. Барлық мониторингтік жұмыс осы айдың соңында аяқталуы тиіс.

Мониторингтік топ жұмысын бақылау облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановқа тапсырылды.

# ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРҒАН ЖҮГЕРІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданындағы «Таң ЛТД» ЖШС-нің егін алқабына барды. Серіктестік «Таушұқыр» учаскесіндегі 5000 гектар жердің 800 гектарына тамшылатып суару әдісімен жүгері еккен. Бұл бағытқа 16 шақырым жерден электр желісі тартылды, 8 экскаватор, 3 тиегіш, 1 бульдозер, 8 жер айдайтын техникасы бар, 65 адам жұмыспен қамтылды. Тамшылатып суару үшін 160 шақырым құбыр әкелінді.



Сондай-ақ, жүгеріні кептіретін қондырғыға «Бестам» ауылдық округінен жер табысталған. Алдағы уақытта тиісті инфрақұрылым облыстық бюджет есебінен жүргізіледі. Нысан іске қосылған соң, тамшылатып суару әдісімен егілетін жүгері және басқа да дақылдарды 3000 гектарға жеткізу жоспарлануда. Ол кезде 50 адам тұрақты жұмысқа тұрады. Кептіргіштің барлық жабдықтары маусым айында әкелінді, ал құрылысы шілде-қыркүйек айында жүргізіліп, ел игілігіне беріледі.

Аймақ басшысы компанияның озық тәжірибесін басқа шаруашылықтарға таратуды және енгізуді ұсынды. «Таң ЛТД» секілді жаңа бағыттарды қолға алып, жұмыс орындарын ашатын шаруа қожалықтарына жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

# МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ ЕДІ, ӘКІМ БОЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Шиелі ауданында өткен актив отырысында осы ауданның жаңадан сайланған әкімі таныстырылды.



Облыс әкімі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жаңа саяси реформалардың маңызына тоқталып, сайлауға белсенді қатысқан тұрғындарға алғыс айтты.

– «Өздеріңізге белгілі, еліміз соңғы жылдары бірегей конституциялық реформалар арқылы түбегейлі жаңғыру жолына қадам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Ол үшін отандық сайлау жүйесін ашық әрі барша азаматқа қолжетімді түрде өткізу қажет» деп атап өткен болатын. Сайлау жүйесін демократияландыру – Президент реформаларының негізгі міндеттерінің бірі. Өткен жылы елімізде алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімінің тікелей сайлауы өткізілді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда «2025 жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни, ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді» – деді. Бұл реформалар мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттырады. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, біздің өңірімізде де аудан әкімдерін сайлау пилоттық негізде жүргізілуде. Өткен жылы Шиелі мен Сырдария аудандары әкімдері тікелей сайлау арқылы тағайындалған болатын. Саяси жүйені жаңғырту бойынша қабылдаған шешімнің жалғасы ретінде күні кеше өткен саяси науқанда Шиелі ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Мызғымас бірлік көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов Шиелі ауданы әкімі сайлауының қорытындысын хабарлады. Ауданда сайлаушылардың 72,91% учаскелерге келіп, олардың 81,2%-ы Айтбай Жандарбековті қолдаған. Комиссия төрағасы Айтбай Насриддинұлына аудан әкімінің куәлігін табыстады.

Облыс әкімі жаңадан сайланған аудан басшысына экономика салаларына, атап айтқанда, инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша нақты жұмыстар атқаруды тапсырды. Әсіресе, ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы ерекше потенциалын пайдалану керек.

***Айтбай Насриддинұлы 1974 жылы дүниеге келген. Қызылорда политехникалық институтын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген.***

***Еңбек жолын 1992 жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» кеңшарында жұмысшы болып бастап, әр жылдары түрлі салада еңбек еткен. 2001-2018 жылдары «Бәйгеқұм» станциясының пошта меңгерушісі, Шиелі аудандық статистика басқармасының жетекші маманы қызметтерін атқарған. 2018-2020 жылдары «Гигант» ауылдық округінің әкімі ретінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге атсалысты. 2020-2023 жылдары Шиелі аудандық статистика басқармасының басшысы, аудан әкімінің орынбасары лауазымдарында нәтижелі қызмет көрсетті. 2023 жылдың наурыз айынан Шиелі аудандық мәслихатының төрағасы қызметін атқарып келді.***

# ҚЫСҚА КӨМІР ЖЕТЕДІ МЕ?

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтің төрағалығымен өткен мәжілісте алдағы жылу маусымына дайындық барысы қаралды. Жауапты министрлер мен бірқатар өңір басшылары атқарылған жұмыстарды баяндады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәжіліске селекторлық режимде қатысты.

Қызылорда облысында жылу беру маусымына дайындық бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Биыл жылумен қамту нысандарына 12 млрд. теңге, оның ішінде жылу-энергия көздерін жаңғыртуға 4 млрд. 800 млн.теңге қаржы бөлінді. «Қызылорда жылу-электр орталығы» Оңтүстік қазандығының «Боно энерджи» маркалы үш бу қазандығы жаңғыртылуда. Жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 2 газотурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Қазіргі уақытта жұмыстың 95 пайызы орындалды.

Жылу желілерін жаңғыртуға бағытталған 6 жобаны іске асыруға бюджеттен 6 млрд. 900 млн. теңге бөлінді, 9,5 шақырым жылу желісінің 7,2 шақырымы жүргізілді. Облыстағы 1 067 әлеуметтік нысанның дайындығы 100 пайыз.

Қыс мезгіліне 192,8 мың тонна көмір керек, оның 164,5 мың тоннасы тұрғындардың, 28,3 мың тоннасы әлеуметтік нысандардың қажеттілігі. Облысқа бүгінде 34,8 мың тонна көмір әкелінген. Көмір қоймаларында өткен маусымнан қалғанды есепке алғанда 37 мың тонна қор бар.

Соңғы тәулікте аймаққа 1,2 мың тонна көмір жеткізілді, алдағы екі күнде қосымша 4,1 мың тонна келеді. Жоспар бойынша қыркүйектің аяғына дейін 44 мың тонна жеткізіледі деп күтілуде. Бағасы маркасына қарай 17 мың мен 23 мың теңгенің аралығында. Қоймалардағы кезекті болдырмау үшін тұрғындар көмірді осы бастан сатып алғаны дұрыс. Бұл тұрғыда арнайы медиа-жоспар аясында үгіт-насихат кеңінен жүргізілуде.

Жиында «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстарының барысы, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаудағы бастамалар мен атқарылған істер, сондай-ақ, су тасқынынан зардап шеккен аймақтарды қалпына келтірудегі кейбір мәселелер талқыланды.

# БИЫЛ 187 ҚҰРЫЛЫС САЛЫНУДА

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аймақтың құрылыс саласындағы өзекті мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға өңірде тұрғын үй мен әлеуметтік нысандарды салатын құрылыс компаниялардың басшылары шақырылды. Жауапты тұлғалар елді мекендерде әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй салу барысын баяндады.**

Облыс орталығы бүгінде қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістердің ордасына айналды. Биыл 187 құрылыс салынуда. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында қаржыландырудың барлық көзінен өңірімізде 869 мың 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Соңғы 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті.

Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд. 100 млн. теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады.

Жыл басынан бері 1000 орындық Өнер орталығы, заманауи үлгідегі жаңа автовокзал ғимараты пайдалануға берілді. “Қорқыт ата әуежайының” жаңа терминалы - жерлестеріміз үшін өте маңызды жоба. Жаңа нысан жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Орталық 2025 жылы тамыз айында пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы шеңберінде 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізіледі.

Биыл «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп ел игілігіне табысталады. Облыс орталығында Шығармашылық академиясының, көпбейінді аурухананың құрылысы салынуда. Қан орталығы пайдалануға берілді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынатын 27 нысанның өткен жылы 16-сы ел игілігіне табысталды.

Жыл соңына дейін 11 медициналық нысан пайдалануға беріледі.

Сол жағалауда Үстел теннисі орталығының, Орталық стадионның құрылысы қарқынды жүруде.

Барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтары, сол жағалауда жаңа өлкетану музейінің құрылысы бой көтеруде.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған Орталық алаң демеушілер есебінен жаңғыртудан өтті.

Алдағы уақытта елдің игілігі мен балалардың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады. Аймақ басшысы барлық жобаларды тиянақты жүзеге асырып, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Сондай-ақ, жиында алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланды. Жауапты мекемелерге жөндеу жұмыстарын уақытылы аяқтап, барлық нысанның дайындығын қатаң қадағалау тапсырылды.

# “ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІ ҰЗАҚ КҮТПЕУ КЕРЕК”

**Жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты мекеме басшыларының қатысуымен арнайы мәжіліс өткізді.**

Жиында тазалыққа, коммуналдық қызметтердің үздіксіз көрсетілуіне, қоғамдық көліктің уақытылы жүруіне қатысты мәселелер талқыланды.

Аймақ басшысы аталған бағыттарға ауқымды қаражат бөлінгенін, жан-жақты қолдау көрсетілгенін қаперге салды. Енді осының қайтарымы ретінде халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетілуі тиіс. Салынған нысандар сапалы болуы керек. Ауа райының қолайсыздығынан ғимараттар зақымдалса, мердігерлер жауапкершілікке тартылады.

– “Күз мезгілі күшіне мініп, күн салқындап келеді. Осындай кезде оқушылар қоғамдық көлікті ұзақ күтіп қалмауы керек. Жаңғыртылу сатысындағы жолдардың мерзімінде аяқталғаны маңызды”,- деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Әрбір мәселені жеке-жеке саралаған облыс әкімі тиісті басшылардың тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауын ескертті.

# "ОЙДАН ШЫҒАРЫЛҒАН



***Атом электр стансасы керек пе, керек емес пе деген сауалға жауап беретін референдумға да санаулы күндер қалды. Таңдау уақыты жақындаған сайын атом электр стансасының тақырыбы қызу талқыға түсіп, ел жақ-жақ болып айтысып жатыр. Әрине биліктің, билікті жақтаушылардың ұстанымы атом электр стансасы салынуы керек. Ал билікке қарсылар мен оны қолдамайтындар атом электр стансасының қауіптілігін айтып елді "қорқытып жүр".***

***Қоғамда осы сауалға жауап іздеген адам көп. Оның пайдасы мен зиянын саралап, салмақтап жүргендер де жетіп артылады. Көптің көкейіндегі кей сауалдардың жауабын жариялауды жөн көрдік.***

## ҚОЛДА БАР ҚУАТ КӨЗДЕРІНІҢ ҚОРЛАРЫ ТАУСЫЛУҒА ЖАҚЫН

**Энергетика министрлігі Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Жаслан ҚАСЕНОВ:**

– Мұндай станса энергетика мен экологиядағы тұрақтылық үшін керек. Бұл парниктік газдардың шығарындыларын азайтып, электр генерациясының тұрақты көзіне айналады.

Елімізде электр энергиясын тұтыну көлемі ұлғаюда. Тиісінше, қолда бар қуат көздерінің қорлары таусылуға жақын. Тұрақты генерацияның болмауынан алдағы уақытта электр энергиясына деген қажеттілік туындауы мүмкін. Әсіресе оңтүстік өңірлерде. Оңтүстікті энергиямен жабдықтау жүйесіндегі ақаулар саладағы біршама проблеманың бетін ашқандай болды. Қысқасы, алдағы уақытта энергия тапшылығы орын алатындықтан, жаңа базалық қуаттарды енгізу қажет.

Әлемдік қоғамдастық соңғы жылдары көміртектің бейтараптығына ерекше көңіл бөлуде. Халықаралық қаржы институттары көмір электр стансаларына инвестиция құюдан жаппай бас тартуда. Қазақстанда атом электр стансасын салу мәселесін күн тәртібіне шығарған көп фактордың бірі осы. Өйткені, жаппай газға көшу мүмкін емес. Оның да қоры шектеулі. Балама энергия көздері климаттық жағдайға тәуелді. Демек, ол да тұрақты және базалық генерация көзі бола алмайды.

Атом энергетикасының энергетиканың дәстүрлі саласына айналғанына да жарты ғасырдан асты. Қазір әлемнің 31 елі атом электр стансасын пайдалануда. Дүние жүзінде жалпы қуаты шамамен 391 кВт болатын 439 энергетикалық реактор бар. Бұдан бөлек қуаты 55 ГВт болатын 52 реактор салынып жатыр. Атом-энергетикалық қуаты мол елдердің қатарында АҚШ, Франция, Қытай, Жапония, Ресей және Кореяны айтуға болады.

Әлем энергетикалық дағдарыспен арпалысып келеді. Сол себепті бірқатар ел ядролық-энергетикалық бағдарламаны қайта бастау туралы шешім қабылдады. Мәселен, таяуда Франция ядролық энергетиканы жандандыруды қолға алды. 2035 жылға қарай бұл мемлекет жаңа реактор санын 14-ке жеткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Беларусь мемлекеттері атом энергетикасын дамытуға көңіл бөле бастады.
Қазір бұл елдерде тиісті құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Бұрын атом электр стансасынан бас тартқан Польша да энергетикалық бағдарламасын жаңартпақ. Еурокомиссия Еуроодақ елдеріне 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптылығына көшу бағдарламасына атом энергетикасын қосуды ұсынды. Қазақстанда да бұл саланы дамытудың әлеуеті зор. Атом электр стансасын салу мультипликативті әсер бермек.

Қазір елімізде атом энергетикасын дамытуға қатысты зерттеулер жүргізілуде. Онда табиғи-климаттық факторлар мен стансаның қоршаған ортаға әсер етуі барынша ескерілмек. Әзірше 6 әлемдік жеткізушінің ядролық технологиялары зерделену үстінде. Бұлар – американдық, американдық-жапондық, кореялық, қытайлық, ресейлік және француздық технологиялар. Егер Қазақстан атом электр стансасын салатын болса, жоғарыда аталған алты технологияның бірін негізге алады.

Қазақстанда атом энергетикасын дамытуға мүмкіндік мол. Біз уран өндіру бойынша әлемде бірінші орындамыз. Ядролық отын компоненттерін өндіретін өз өндірісіміз бар. Яғни жылу бөлетін құрамаларды таблеткалау және өндіру өз жерімізде жүзеге асырылады. Сондай-ақ біздің елде уранды изотопты байыту қызметтері қолжетімді. Былтыр Үлбі металлургия зауытының базасында Қытай атом электр стансалары үшін дайын ядролық отын шығаратын зауыт ашылды. Атом электр стансасын салу Қазақстанның энергетикалық жүйесін тұрақтандырып қана қоймай, жалпы атом саласы мен экономиканың өзге де салаларының дамуына үлкен серпін бермек.

Бүгінде Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесі өзін өзі теңгерімдеу режимінде жұмыс істейді. Бұл ретте жүйедегі жүктеме тым көбейген уақытта электр энергиясының жетіспеушілігі сезіледі. Осының салдарынан энергия өндіруші ұйымдардың негізгі жабдықтары жиі тоқтап қалады. Былтыр электр энергиясын тұтыну 113,9 млрд кВт/сағатты құрады. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 6 пайызға артық. Оған дейінгі жылдары тұтыну көлемі орта есеппен 2 пайызға ғана өсетін. Көрсеткіш былтыр бірден 3 есе ұлғайған. Бұл дұрыс емес, әлбетте.

Инвестициялық келісімдер шеңберінде 2025 жылға қарай 1 760 МВт қуаттылықты жаңғырту жоспарланған. Сондай-ақ ұлттық электр желісін жаңғырту, оның ішінде батыс және оңтүстік аймақтардың энергия жүйесін күшейту, батыс аймақты бірыңғай электр энергетикасы жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде. Биыл шамамен 1 240 МВт маневрлік қуатты салуға аукциондық сауда-саттық өткізу көзделген. Энергетика – экономикадағы жүйе құраушы сала. Сондықтан басқа салаларға қарағанда әлдеқайда ілгері дамып отыруы керек.




**Атом энергиясын қолдану тек энергетика мен медицинамен шектелмейді. Осылайша, ауыл шаруашылығында ондаған жылдар бойы радиоизотоптар мен радиацияның көмегімен егін шаруашылығы жақсарып, ел тұтынатын өнімдердің сапасы бақыланады.**

## ТҰРАҚСЫЗДЫҚ – ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ

**"Қазақстан атом электр стансалары" АҚҚ-ның бас директоры Т.ЖАНТИКИН:**

– Біріншіден, Қазақстанның энергетика жүйесі станцияларды жаңартуды қажет ететінін айту керек. Өйткені, тозу деңгейі өте жоғары. Бұл туралы таяуда Энергетика министрі де айтты. Кеңес дәуірінде салынған станциялардың бәрі әбден ескірген.

Екінші мәселе – әлемнің жасыл экономикаға бет бұрғаны. Қазақстан жағдайында техникалық және экономикалық талаптарға атом энергетикасы жауап бере алады. Бұл салада бізде тәжірибе де бар. Ақтауда салынған ядролық реакторды электр энергиясын өндіруге, тұрғын үйлерді жылытуға және теңіз суын тұщытуға қолданып келдік. Яғни, бұл технология біз үшін жаңа сала емес деген сөз.

Уран өндіруді білеміз. Бірнеше жылдан бері Қазақстан әлемде уран өндірісі бойынша бірінші орынды иеленеді. Ал өткен жылы Қазақстанда ядролық отын өндіретін зауыт іске қосылды. Қазір ол Қытай нарығына жұмыс істеп жатыр. Бірақ, негіз бар деген сөз.

Біз қазір бірнеше компаниямен жұмыс істеп жатырмыз. Оның ішінде ресейлік, қытайлық, оңтүстік кореялық реакторлар бар. Франция компанияларынан да ұсыныс күтіп отырмыз. Олар Чехияға 1 200 мегаваттық реактор жасап жатыр. Бізге де осындай реактор ұсынатын болар.

Бұдан бөлек, АҚШ шағын модульдік реакторлар өндіреді. Олардың өндірістік көрсеткіштері жақсы, тек біздің энергожүйеге интергациялау қажет болады. Алайда бұл реакторларға кезек өте үлкен. Дегенмен, оң шешім қабылданып жатса, екі арада жасалған ынтымақтастық туралы меморандумдар бар. Жалпы әзірге түрлі ұсыныстар қаралып жатыр.

Түрлі компаниялар жасайтын реакторларда аса үлкен айырмашылықтар жоқ. Технологиялар ұқсас. Дегенмен, қауіпсіздігі мен экономикалық тиімділігіне баса мән береміз.

Әскери әрекеттер – форс мажор жағдайлар. Мұндай кезде тек атом емес, кез келген өндіріс қауіпті болады. Мәселен, химиялық кәсіпорынды алайық. Ұрыс кезінде өндіріс ошағынада жарылыс болса, қоршаған ортаға улы заттар таралуы мүмкін. Сондықтан атом өндірісі қауіпті, басқа салалар қауіпсіз деп бөліп-жарып айтуға келмейді.

Әрине, АЭС салуға қажет шығындар көбірек. Бірақ, бұл ретте оның экономикалық тиімділігіне қарау керек. Қандай АЭС болмасын, оның пайдалану мерзімі 60 жылмен есептеледі. Оны 80 не тіпті 100 жылға дейін ұзарту мүмкіндігі бар. Осы уақыт аралығында салынған инвестициялар ақталады. Жалпы, атом энергиясы ең арзан энергия көзі саналады. Өйткені, операциялық шығындары аз және пайдалану мерзімі өте жоғары.

АЭС салынған кезде тариф өзгере ме? Тұтынушылар үшін оның әсері қандай деген мәселені де энергетиктер талқылап жатыр. Жалпы, жаңа станция салынған кезде тариф өсуі тиіс. Заңдылық сондай. Әрине, егер электр энергетикасы нарығын дамытқымыз келетін болса. Қазақстандағы электр энергиясының тарифі өзге елдерден әлдеқайда төмен. Өйткені, станциялардың көбі Кеңес дәуірінде салынған. Бірақ, мәңгі бұлай болып тұрмайды ғой. Станциялар тозады, істен шығады. Оларды жөндеу және ауыстыру керек. Ал оған қаржы көзі болуы шарт.

Әлем елдері атом энергетикасынан бас тартып жатыр деген әңгіме бар. Бұл сөз шындыққа жанаспайды. Бас тартып жатқан 3-4 ел ғана. Анығында африкалық Нигерия, Гана мемлекеттері, Сауд Арабиясы, БАӘ, Польша, Беларусь, Өзбекстан, Қытай, бірқатар Оңтүстік Азия елдері де атом энергетикасы бағдарламаларын іске қосып және күшейтіп жатыр.

Жасыл энергетикаға көшу бастамасына байланысты көмір станцияларын енді ешкім қаржыландырмайды. Қазақстанда газбен де мәселе бар. Гидроресурстар көп емес. Ендеше, атом станциясы не жаңартылатын энергия көздері ғана қалады. Бірақ, екіншісі өте қымбат және тұрақты емес. Ал тұрақсыздық – үлкен мәселе. Оның орнын толтыратын балама өндіріс көздерін қатар салуға тура келеді. Ол үшін тағы газ керек. Болмаса энергияны сақтау жүйелерін қосымша дамытуға болады Бірақ, ол да өте қымбат технология.

## ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ ХАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ӨТЕУДЕН ҚАЛАДЫ

**Энергетика министрі Электр энергиясын дамыту департаментінің директоры А.ДӘРІБАЕВ:**

– Президент тапсырмасына сәйкес еліміздің 2035 жылға дейінгі энергетикалық балансы әзірленгені белгілі. Аталған құжатта жаңа тұтынушыларды енгізу ескерілген. Болжамға сәйкес 2035 жылға қарай электр энергиясын тұтыну шамамен 153 млрд кВт/сағатты құрамақ.

Біз энергия балансына сәйкес жұмыс істеп, энергетикалық қуаттарды енгізе алмасақ, жұмыс істеп тұрған энергия көздері халықтың және экономиканың қажеттілігін өтеуден қалады. Сондықтан 2035 жылға қарай жиынтық қуаты 17,5 ГВт болатын жаңа қуаттарды іске қосу керек. Аталған қуаттың шамамен 10 ГВт-ы – көміртекті генерация көздерінен, 6,5 ГВт-ы жаңғырмалы энергия көздерінен алынады деп жоспарлануда. Алайда қаржы институттары көмір стансаларын қаржыландырудан жаппай бас тартуда. Сол себепті көмір генерациясының мүмкіндігі шектеулі болмақ. Осыған орай базалық генерацияның жаңа көзі ретінде атом электр стансасы қарастырылып отыр.

Сонда 2035 жылға қарай іске қосылуға тиіс жаңа энергетикалық қуаттардың құрылымы келесідей болмақ: 6,5 ГВт – жаңғырмалы энергия көздері, 5 ГВт – газ генерациясы, 2 ГВт – су электр стансалары, 1,5 ГВт – көмір генерациясы, 2,4 ГВт – атом генерациясы. А.Дәрібаевтың пікіріне қарағанда, дәл осы құрылым базалық және реттеу қуатының тапшылығын өтеуге жеткілікті. Сондай-ақ бұл көлем энергия жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Болжамға сәйкес 2035 жылға қарай электр энергиясын өндіру құрылымында көмірдің үлесі 40 пайызға дейін төмендейді. Қазір оның үлесі 70 пайызға тең. Баламалы энергия көздері 23 пайызға дейін артады деп күтілуде. Сол секілді газ генерациясы 18 пайызға, су электр стансаларының үлесі 7 пайызға, атом электр стансасының үлесі 12 пайызға жетпек.

Қысқасы, базалық қуаттылықты толықтай һәм тұрақты қамтамасыз ету үшін атом электр стансасын салу керек. Өйтпеген жағдайда елдегі электр стансалары жерге қаратуы мүмкін.

Бүгінде елімізде 214 электр стансасы бар. Оның дені 30 жылдай үздіксіз қызмет етіп келеді. Сол себепті стансалардың тозу деңгейі 53 пайызға жетіп отыр. Жыл сайын қаржы жұмсап құрылғыларды жаңартпасақ, жағдайдың нашарлай түсері анық. Маневрлік режімде жұмыс істейтін стансалардың аздығына байланысты бұлардың барлығын кешкі уақытта толық жүктememен пайдалану мүмкін емес. Оның үстіне, күн энергиясын пайдаланатын электр стансалары кешкі уақытта жұмыс істемейді. Сондықтан жетпей жатқан қуатты кешкісін Ресейден алып, түнде қайтарып беруге тырысамыз.

## ЗИЯНЫ КҮН ПАНЕЛЬДЕРІНЕН ТӨМЕН

**Энергетика саласының сарапшысы Алмаз ӘБІЛДАЕВ:**

– Атом энергетикасы – электр энергиясын өндірудің әлеуетті түрі. Бұл сала әлемде сұранысқа ие. Әсіресе Парсы шығанағындағы мұнай өндіретін елдер осыған ден қоя бастады. Бұл тегін емес, әрине. Өйткені атом энергетикасы экология мен энергетиканың теңгерімін реттейді. Еурокомиссия сарапшылары да реакторларда өндірілетін электр энергиясының зияны күн панельдеріне қарағанда төмен деген қорытындыға келген.
Атом энергетикасы кез келген уақытта және кез келген жерде қауіпсіз энергиямен қамтамасыз ете алады.
Сондықтан атом энергетикасына көшу керек. Еліміздің оңтүстігінде пайда болған энергия тапшылығы энергетикалық қауіпсіздік мәселесін күн тәртібіне шығарды. Мұны мойындауымыз керек. Ал атом энергетикасына қатысты проблемалар әзірше идеологиялық сипатқа ие. Ойдан шығарылған фобиялар көп. Қазақстанда атом электр стансасының құрылысына кем дегенде 10 жыл кетеді.

## МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАМАЙДЫ

**«Самұрық-Энерго» АҚ Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Серік ТӨТЕБАЕВ:**

– Бұрын Алматы энергетика және байланыс университетінде атом стансасы бойынша мамандар даярланды. Атом стансасының жылу бөлігі Екібастұз стансасындағы турбиналармен бірдей. Біз оларды ұзақ жылдар бойы пайдаланып келеміз және аса бір мәселе туындаған емес. Сондықтан маман тапшылығына қатысты мәселе туындамайды.

Ядролық қондырғылар барынша қауіпсіз болуы керек. Париж келісімі бойынша көміртек деңгейін төмендету керек. Бірақ бүгінде жаңа нысандарды енгізуге байланысты көміртегі шығарындыларының ішінара өсуі байқалып отыр. Көмірді неғұрлым көп жаққан сайын көміртегі шығарындылары да соғұрлым көбейе түсуде.

# ҚОРҚЫНЫШТАР КӨП..."

## ҚАУІПТІ ЕМЕС ПЕ?

Қазақстан қауіпсіздіктің ең жоғары жаһандық стандарттарға сай ең заманауи технологиялары бар жаңа буындағы АЭС құрылысын қарастырып жатыр. Әлемдік тәжірибеде АЭС-тің осындай түрлерін пайдалану ешқандай тәуекелдің болмауын көрсетеді.

Қазіргі АЭС-терде апат болуы ықтималдығы 10 миллион жылда бір болуы мүмкін, ал көмір станцияларында қауіп 80 есе жоғары. Қазіргі АЭС-терде радиациялық ағып кетуге жол бермейтін қорғаныс қабықшалар бар.

Қоршаған ортаға және денсаулыққа етуі мүмкін әсері белгіленген нормадан едәуір төмен болады, сондықтан АЭС пайдалану табиғат пен адамдарға зиян емес. Бұл әлемнің әртүрлі аймағында АЭС-ке жақын тұратын халықты үнемі зерттеу және бақылау арқылы дәлелденген.

АЭС іске қосылғалы 70 жылда әлемде ескі реакторларда тек 3 ірі төтенше жағдай орын алды:

1979 жылы АҚШ-тағы Три-Майл-Айлендтегі апат;

1986 жылы Чернобыльдегі АЭС-тегі апат;

2011 жылы Жапониядағы Фукусима-1 станциясындағы апат.

Осы апаттардың тәжірибесіне сүйене келе сенімділік пен қауіпсіздік көрсеткіштері барынша жақсартылған жаңа буын реакторлары қолданысқа енгізілді.

## ЭНЕРГЕТИКА ТҰРАҚТЫ БОЛАДЫ МА?

Қазақстанда АЭС салу – энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы маңызды шешім.

Балқаш көлінің жағалауындағы жоба Қазақстанның біршеше өңірінде энергия тапшылығын болдырмауға және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған. АЭС электр энергиясының құны тұрақты болуына және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге көмектеседі.

Бұл ел мүддесі мен Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келеді.

## ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛМАЙДЫ МА?

Қалыптасқан халықаралық тәжірибеге сәйкес, АЭС құрылысын МАГАТЭ және WANO секілді беделді халықаралық ұйымдар бақылайды. Бұл қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

## СТАНСАНЫ САЛАТЫН ЕЛДЕРГЕ ТӘУЕЛДІ БОЛЫП ҚАЛМАЙМЫЗ БА?

Қазақстанда АЭС салатын мердігер экономикалық негізділік, технологиялық сенімділік, экологиялық қауіпсіздік және халықаралық стандарттарға сәйкес таңдалады.

Жоба ұлттық ядролық энергетиканы дамытуға және жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Бұл саяси емес, таза коммерциялық мәселе болғандықтан таңдалған компания немесе компаниялар тобы станцияның жұмыс істеуіне қатыспайды, тек АЭС құрылысымен айналысады.

## БІЗДЕ МАМАН БАР МА?

Қазақстанның ғылыми институттары да, жоғары білікті мамандары да бар. Сонымен қатар, АЭС пайдалану үшін кадрлар көбірек даярланып жатыр. Бүгінде Қазақстан Республикасында атом саласы үшін кадрлар даярлау отандық жоғары оқу орындарында бес білім беру және екі дипломдық бағдарлама (ядролық физика, ядролық инженерия, ядролық физика және атом энергетикасы, теориялық ядролық физика) негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан шетелдік әріптестермен ғылыми-білім беру базасын дамытып келеді. Тәжірибе алмасу және кадрлық әлеуетті арттыру үшін Франция, Ресей және Венгриямен бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Жалпы әлемдік тәжірибеге сәйкес орта есеппен екі блокты АЭС салу 8 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, ал АЭС пайдалану кезеңінде жоғары және арнаулы орта білімі бар шамамен 2 мың адамнан тұратын персонал қажет. Бұл ретте ядролық мамандықтар бойынша білімі бар станция қызметкерлері жалпы персоналдың шамамен 20%-ын құрайды.

## ТАРИФ АРЗАНДАЙДЫ МА?

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері белсенді дамып келеді және олардың тиімділігі әртүрлі факторларға байланысты. Электр желісінің тұрақтылығы үшін көмір және атом станциялары сияқты сенімді тұрақты базалық көздер қажет. АЭС құрылысы электр энергиясының тапшылығын қысқартуға, тарифтердің өсуін тежеуге, экологияны жақсартуға және энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізудің сенімді тәсілі. Өйткені көмір станциялары экология мен адам денсаулығына зиян. Атом энергетикасы барлық параметрлердің, соның ішінде электр энергиясының құны бойынша тиімді болып отыр.

Сонымен қатар, атом энергиясы отын импортына тәуелділіктің төмендеуіне ықпал етеді, бұл электр энергиясының бағасын бақылауда ұстауға көмектеседі. Ұзақ мерзімді перспективада АЭС пайдалану шығындары салыстырмалы түрде төмен, бұл да тарифтерді тұрақтандыруға ықпал етеді.

## НЕЛІКТЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА САЛЫНАДЫ?

Кеңес заманынан құрылыс алаңы ретінде Балқаш көлінің маңы қарастырылды. Қазір ірі халықаралық ұйымдармен кеңесу арқылы таңдалды. Оңтүстік аймақ электр энергиясын ең көп тұтынатын өңір болғанымен, өзінің генерациялау қуаты бойынша тапшы болып қалып отыр. Алматы облысында АЭС салу өңірді тұрақты және сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, бұл тапшылықты азайтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде өнеркәсіпті, инфрақұрылымды дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

2023 жылдың күзінде МАГАТЭ мамандары Балқаш көлінің маңында АЭС құрылысына кедергі келтіретін факторлар жоқ екенін тағы да растады.

## БАСҚА ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН НЕГЕ САЛМАЙМЫЗ?

Бұған дейін қазақстандықтар үлкен көмір қорының арқасында атом энергиясынсыз өмір сүріп келді. Дегенмен, тұтынудың өсуі, ескі станциялардың тозуы, экология мәселелері, ТЭЦ маңындағы халықтың денсаулығының нашарлауы, көмір мен газға халықаралық шектеулер және жаңартылатын энергия көздерінің тұрақсыздығы жаңа шешімдерді енгізуді талап етеді.

Ал жаңартылатын энергия көздерін тұрақсыз болғандықтан оларды негізгі көз деп санауға келмейді. Тек жаңартылатын энергия көздеріне сүйенген көптеген елдің тәжірибесінде өнеркәсіп қарқыны төмендеп, экономикалық проблемаларға әкелген.

Атом энергетикасы – сапалы және тиімді энергиямен қамтамасыз етудің тұрақты және «жасыл» нұсқасы. Жаһандық трендтер мен Өзбекстан секілді көрші елдердің үлгісі Қазақстан үшін АЭС құрылысы энергетикалық дамуда тәуелділік пен артта қалушылықты болдырмау үшін өзекті болып отыр.

## УРАН ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Қазақстан уран қоры жөнінен дүние жүзінде екінші орында және ол дүние жүзіндегі қордың шамамен 14%-ын қамтиды. 2009 жылдан бері Қазақстан уранның 40%-ға жуығын өндіріп, әлемдік көшбасшы болып отыр.

Елімізде 900 мың тоннадан астам уран бар, бұл атом электр станцияларын алдағы ұзақ жылдар бойы отынмен қамтамасыз етуге жетеді. Халықаралық сарапшылар осыншама қоры мен ғылыми әлеуеті бар Қазақстан неліктен әлі күнге дейін АЭС салмай жатыр деген сұрақ қойып отыр.

## ҚАЛДЫҚ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Қуаты 1 ГВт болатын АЭС-тен шамамен 50 шаршы метр радиоактивті қалдық шығады және қуаты 1-1,5 млн халқы бар қаланы электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Бұл ретте қуаты дәл осындай жылу электр орталығы (ТЭЦ) 200-300 мың тонна қалдық шығарады. Осылайша, АЭС көмір станцияларымен салыстырғанда қалдықтарды айтарлықтай аз шығарады және бұл оларды барынша экологиялық таза энергия көзіне айналдырады. Көмір станцияларынан айырмашылығы, АЭС қалдықтарды ауаға шығармайды. Бұл көмірқышқыл газы мен бөлшектер сияқты зиянды заттардың шығарындыларын айтарлықтай азайтатынын айта кету керек.

АЭС қалдықтары олардың түріне және технологиясына байланысты сақталуы не қайта өңделуі мүмкін. Мысалы, пайдаланылған ядролық отын қалдық болып саналмайды, өйткені оны қайтадан энергия көзі ретінде пайдалануға болады.

Болашақта арнайы реакторлар аса қауіпті радиоактивті элементтерді жоя алады. Бұл қалдықтарды азырақ қауіпті етеді. Ол үшін термоядролық синтез технологиялары қолданылуы мүмкін.

Осылайша, қалдықтар халықаралық стандарттар бойынша қайта өңделеді және сақталады, бұл қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді. Қазақстанның ядролық материалдармен жұмыс істеу бойынша үлкен тәжірибесі бар және барлық қауіпсіздік шарасын сақтайды.

## ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?

Қазақстанда АЭС салу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігінің берік негізін, елдің жаңа өнеркәсіптік және технологиялық деңгейге шығуының елеулі іргетасын қалайды;

«Жасыл» атом энергиясы сыртқы нарықтарға сенімді түрде шығуға мүмкіндік береді, бұл біздің өнеркәсіптік әлеуетіміздің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендетер еді;

Мұның бәрі мультипликативті әсер әкеледі, жұмыс орындарын ашады, инфрақұрылымды жақсартады, шығарындыларды азайтады және электр энергиясы құнының тұрақты болуын қамтамасыз етеді;

АЭС аймақтың, оның инфрақұрылымының, соның ішінде жолдардың, мектептер мен ауруханалардың құрылысының қарқынды дамуына ықпал етеді.

## БАЛҚАШ КӨЛІ СУЫ ТАРТЫЛМАЙДЫ МА?

АЭС орналасатын жерді таңдауға осы аймақтағы электр энергиясының тапшы болуы негіз болды. АЭС те көмір станциялары сияқты салқындату үшін суды қажет етеді және оны Балқаш көлінен алу жоспарланып отыр.

АЭС-тің айналасында жиі күнделікті өмір салтына кедергі келтірмейтін қолайлы жағдайлар жасалады; мысалы, Тайвань, АҚШ-тағы Монтиселло және Дюк Энерджи АЭС-тері сияқты салқындатқыш тоғандарда балық өсіріліп, оларды аулаудан турнирлер өткізеді.

Сонымен қатар, АЭС пайдаланылған су Балқаш көліне төгілмейді. Балқаштан келетін салқындатуға арналған су көлдің табиғи буланының 0,5%-ын ғана құрайды. АЭС-те қолданылатын су реактормен тікелей байланыспайды. Радиоактивті қалдықтар арнайы жабдықталған орындарда қауіпсіз сақталады.

## КІМ САЛАДЫ?

Қазақстандағы алғашқы АЭС үшін пайдаланудың оң тәжірибесі бар тексерілген реакторларға артықшылық берілді. Әлеуетті жеткізушілер «шорт-тізіміне» мына компаниялар енді:

CNNC (Қытай, HPR-1000 реакторы);
«Росатом» (Ресей, ВВЭР-1200, ВВЭР-1000 реакторлары),
«KHNP» (Оңтүстік Корея, APR-1400 реакторы);
«EDF» (Франция, EPR-1200 реакторы).

## БАСҚА ЕЛДЕР БАС ТАРТЫП ЖАТҚАН ЖОҚ ПА?

Әлемдегі алғашқы атом электр станциясы – Обнинсктегі АЭС. Ол 1954 жылы іске қосылды. Ол бейбіт тұрғындарға электр қуатын өндіретін алғашқы АЭС болды. Осыдан кейін басқа елдерде атом станциялары әзірленіп, салына бастады. Осылайша, 1956 жылы Ұлыбританиядағы алғашқы коммерциялық АЭС – Calder Hall жұмысын бастады.

2024 жылғы жағдай бойынша әлемде 31 елде шамамен 415 ядролық реактор жұмыс істейді. АЭС саны бойынша көшбасшы елдер:

АҚШ-та – 94;
Францияда – 56;
Қытайда – 56;
Ресейде – 36.

> **Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:**
>
> Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын.
>
> Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.
>
> Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз керек. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.
>
> Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын.
>
> Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.
>
> *Жолдаудан*




Бейбіт атом ғарышта 1960 жылдардан бері қолданылып келеді. Атом энергетикасы тығыздығы жоғары энергия көзі ретінде ұзақ мерзімді миссиялар, планеталарды зерттеу және одан әрі отарлау үшін қажет. Мысалы, Марста немесе Айда.




Радиацияның тағы бір кең таралған қолданылуы - өнеркәсіп пен құрылыста. Рентген және гамма-сәулелік диагностиканың көмегімен біз олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, ұшақтардың, пойыздардың, көпірлер мен автомобильдердің бөлшектеріндегі ең кішкентай ақауларды таба аламыз.

# ХАБАРЛАМА!

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі**

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің көлемі, гектар | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер пайдалану құқығы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Алқаптардың құрамы | Бонитет балы | Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы | Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Оңтүстік коллектордың» шығыс беті | 258 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | құм | Жайылымы 232 га, басқа алқаптары 26 га | 3 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 2 | Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Оңтүстік коллектордың» шығыс беті | 238 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл саздақты | Жайылымы 140 га, тыңайған жерлер 69 га, басқа алқаптары 29 га | 9 | Мал, егін шаруашылығы | Жоқ |
| 3 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы | 6000 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа саздақты | Жайылымы 4860 га, басқа алқаптары 1140 га | 8 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 4 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы | 5000 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа саздақты | Жайылымы 4251 га, басқа алқаптары 749 га | 8 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 5 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Құлжан» учаскесінің батыс беті | 251 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл саздақты | Жайылымы 228 га, басқа алқаптары 23 га | 6 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 6 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Қараөзек» арнасының оңтүстік беті | 175 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл сазды | Жайылымы 158 га, басқа алқаптары 17 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 7 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Қараөзек» арнасының солтүстік беті | 327 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл сазды | Жайылымы 261 га, шабындығы 31 га, басқа алқаптары 35 га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 8 | Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы | 2240 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа саздақты | Жайылымы 2083 га, басқа алқаптары 157 га | 4 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 9 | Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, «Мысыққөл» өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа саздақты | Жайылымы 93 га, басқа алқаптары 7 га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 10 | Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, №1 ауыспалы егіс жүйесінің солтүстік беті | 104 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл саздақты | Жайылымы 98 га, басқа алқаптары 6 га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы «21» қазан сағат $9^{00}$ - ден бастап 2024 жылғы «11» қараша сағат $19^{00}$ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2024 жылғы «12» қараша күні сағат $16^{00}$ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2024 жылғы 12 қараша сағат $16^{00}$ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-9-78, 8(72431) 31-8-88.

# ИЗВЕЩЕНИЕ!

**Перечень земельных участков, выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Жалагашскому району, Кызылординской области.**

| № | Расположение земельного участка | Площадь земельного участка, гектар | Целевое назначение земельного участка | Право землепользования | Качественная характеристика почв | Состав угодий | Балл бонитета | Сельскохозяйственная специализация региона | Возможность обеспечения водой |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Жалагашский район, сельский округ Аккыр, восточная сторона «Южного коллектора» | 258 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | песок | Пастбища 232 га, прочие угодья 26 га | 3 | Животноводство | Нет |
| 2 | Жалагашский район, сельский округ Аккыр, восточная сторона «Южного коллектора» | 238 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легкосуглинистая | Пастбища 140 га, залеж 69 га, прочие угодья 29 га | 9 | Животноводство, Растениеводства, | Нет |
| 3 | Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен | 6000 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | среднесуглинистая | Пастбища 4860 га, прочие угодья 1140 га | 8 | Животноводства | Нет |
| 4 | Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен | 5000 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | среднесуглинистая | Пастбища 4251 га, прочие угодья 749 га | 8 | Животноводство | Нет |
| 5 | Жалагашский район, сельский округ Каракеткен, западная сторона участка «Кулжан» | 251 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легкосуглинистая | Пастбища 228 га, прочие угодья 23 га | 6 | Животноводства | Нет |
| 6 | Жалагашский район, сельский округ Каракеткен, южная сторона русло «Караозек» | 175 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легкоглинистая | Пастбища 158 га, прочие угодья 17 га | 6 | Животноводства | Есть |
| 7 | Жалагашский район, сельский округ Каракеткен, северная сторона русло «Караозек» | 327 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легкоглинистая | Пастбища 261 га, сенокос 31 га, прочие угодья 35 га | 7 | Животноводства | Есть |
| 8 | Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен | 2240 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | среднесуглинистая | Пастбища 2083 га, прочие угодья 157 га | 4 | Животноводство | Нет |
| 9 | Жалагашский район, сельский округ Макпалколь, урочище «Мысykколь» | 100 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | среднесуглинистая | Пастбища 93 га, прочие угодья 7 га | 4 | Животноводство | Есть |
| 10 | Жалагашский район, сельский округ Макпалколь, северная сторона севооборота №1 | 104 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легкосуглинистая | Пастбища 98 га, прочие угодья 6 га | 4 | Животноводство | Есть |

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3 с $9^{00}$ часов «21» октября 2024 года до $19^{00}$ часов «11» ноября 2024 года.

Проведение конкурса начнется «12» ноября 2024 года в $16^{00}$ часов в зале заседаний акимата Жалагашского района по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до $16^{00}$ часов «12» ноября 2024 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района», расположенном по адресу: Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-9-78, 8(72431) 31-8-88.

# АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР! АЛАЯҚТЫҚ ПЕН АЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ ШЫҒУДА!

Құрметті «БЖЗҚ» АҚ салымшылары! Соңғы уақытта Қордың салымшыларына қатысты алаяқтық әрекеттер орын алуда. Күннен-күнге әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда. Соңғы мысалдардың бірін келтіре кетейік.

2024 жылғы 3 қыркүйекте «БЖЗҚ» АҚ облыстық филиалдарының біріне көп ұйымдардың бірінің есепшісі транзиттік шоттардың бұғатталуына байланысты компания қызметкерінің зейнетақы шотын бұғаттау туралы ақпаратпен «Қор қызметкерінен» қоңырау шалынғаны туралы хабарламамен жүгінді. Бұғаттауды жою үшін есепшіге «сот орындаушысымен» туындаған мәселені шешу үшін хабарласу керектігі туралы талап қойылады. «Сот орындаушысы» өз кезегінде есепшіге берешек соманы өзі көрсеткен шотқа аударуды ұсынады. Бұл әрекет орындалмаған жағдайда, компанияға зейнетақы жарналарын уақытылы аудармағаны үшін айыппұл салынатыны ескертіледі. Өз кезегінде «БЖЗҚ» АҚ филиалының қызметкерлері бұл жағдайды саралағаннан кейін, есепшіге ақша жібермеу туралы кеңестерін берді.

Қордың қауіпсіздік департаменті тиісті ақпаратты алғаннан кейін қоңырау шалынған ұялы телефондардың нөмірлерін тексерді. Ашық көздерден бұл нөмірлер «И. Ю.» деген біреудің атына тіркелгені және «алаяқтық»деп белгіленгені анықталды.

Қор мен оның филиалдары туралы статистикаға сүйене отырып, соңғы кездері алаяқтардың азаматтарды телефон байланысы арқылы алдаудың жаңа амалдарын ойлап тапқандары белгілі болды. Себебі, телефон қоңыраулары - күтпеген жерден кездейсоқ болған оқиғадан әбігерге түскен адамнан құпия ақпаратты алудың немесе оны алаяқтың шотына ақша аударуға мәжбүрлеудің ең көп таралған тәсілдерінің бірі.

Жоғарыдағы жағдайларды ескерсек, БЖЗҚ қызметкерлерінен күдікті қоңыраулар, SMS және мессенджерлер арқылы хабарламалар түскен жағдайда төмендегіні есте сақтауды ұсынамыз:

- зейнетақы жарналарын төлеудің толықтығы мен мерзімділігін «БЖЗҚ» АҚ емес, салық органдары бақылайды;
- БЖЗҚ қызметкерлері **ешқашан қаражатты** белгілі бір шоттарға **аударуды талап етпейді** және **дербес немесе өзге де деректерге сұрау салмайды.**

Сондай-ақ, мына жәйттарды да ұмытпаңыздар:

- күдікті/бейтаныс нөмірлерден хабарлама алған кезде - көрсетілген нөмірлерге қайта қоңырау шалудың қажеті жоқ;
- күдік тудыратын белгісіз нөмірден кіріс қоңырау алған жағдайда, әңгімелесуші өзінің шынайылығына сенімділік тудырса да, әңгімені дереу тоқтату керек;
- күдікті хабарламаларды алған кезде - ешбір жағдайда көрсетілген сілтемелер бойынша өтуге және оларды өзектендіруге болмайды;
- өздерін Қор қызметкерімін деп таныстыратын күдікті адамдармен телефон арқылы сөйлесуден бас тартып, әңгімені дереу үзу қажет;
- қаржы ұйымдарының жеке кабинеттерінде банк карточкаларының құпиясөздерін үнемі ауыстырып отыру керек;
- қаржылық және зейнетақы қызметтерін алуға көмектесуге уәде беретін делдалдардың қызметтеріне еш уақытта жүгінбеңіз. Өйткені, осындай әрекет арқылы сіз бейтаныс адамдарға дербес деректеріңізді олардың арам пиғылдары үшін пайдалануына жол ашасыз.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс арқылы, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

# ПОЛИЦЕЙЛЕР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде полиция қызметкерлерінің қатысуымен «ҚАТТЫ ТӘРТІП КӨРСЕ БАЛА КҮНІНДЕ...» тақырыбында кездесу өтті.

Аталған жиынға Қызылорда қаласы Полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Пазылов Нұрмахан Сансызбайұлы, Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметі бөлімінің бастығы Жакипов Нұржан Жұмабайұлы, ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны Прежекенов Айдос Бахтиярұлы және Қызылорда қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ахметова Ляззат Сүндетқызы, Жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторы полиция майоры Сәбит Алдоңғаров арнайы келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Сондай-ақ сала мамандарымен өткен жиынға колледж директоры Жақсыгүл Тоғанова, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Гүлдана Исаева мен ұйымдастырушы педагог Айбибі Жәнібек қатысты. Жиын барысында полиция полковнигі Нұрмахан Сансызбайұлы құқық бұзушылықтың алдын алу және скутер пайдаланбау, жанұядағы ата-ананың рөлі, отбасылық құндылықтарды сақтау және тұлғалық тәрбиені қалыптастыру бойынша ақпарат беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай – ақ, жасөспірімдер арасындағы буллинг, әлеуметтік желі қолдану барысында кибербуллингтен сақтану, аталған мәселелелерге жолыққан жағдайда құқық қорғау органдарымен байланысу және жеке бас құқықтарын қорғай алу жөнінде құқықтық тұрғыда мәлімет берілді.

Шара соңында студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, сала мамандары жауап берді.

# БОС ЛАУАЗЫМҒА КОНКУРС

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-сі бос лауазымға конкурс жариялайды:

ШЖҚ «Қызылорда Су жүйесі» МКМ-ның басшысы.

**Функционалдық міндеттері**:

-Қолданылыпжүргензаңнамағасәйкесқабылдайтын шешімдердің барлық салдарларына, кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелері үшін тұтастай жауапкершілік атқара отырып, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

- Барлық құрылымдық бөлімшелердің, цехтардың және өндірістік бірлестіктердің жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін өндірісті дамыту мен жетілдіруге, кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға, өнім өндіру көлемінің өсуіне және пайданы ұлғайтуға, өндірілетін өнімнің сапасын және бәсеке қабілеттілігін, өз өнімімен отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың әлемдік стандарттарға сай келуін және отандық өнімнің тиісті түрлерінің халықтың мұқтажын қанағаттандыруға бағыттайды.

- Кәсіпорынның аймақтық және жергілікті бюджеттер, мемлекеттік бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар, жеткізушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) және бизнес-жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- Өнімнің (қызмет көрсетудің) техникалық деңгейін және сапасын, оны өндірудің экономикалық тиімділігін жан-жақты арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жаңа техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады.

- Кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды.

- Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлесуін, мәселелерді талқылау мен шешуде бірыңғай бастама мен алқалылықтың болуын, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді, әрбір қызметкер өзіне тапсырылған іс үшін материалдық мүдделілік пен жауапкершілік қағидаттарын қолдануды, бүкіл ұжымның еңбек нәтижесін, белгіленген мерзімде жалақының төленуін қамтамасыз етеді.

-Еңбекұжымдарыменжәнекәсіподақұйымдарымен бірлесіп әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндірістік тіртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек мотивациясын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

- Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, басқа лауазымды тұлғаларға – басшы орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады.

- Кәсіпорының шаруашылық қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруында заңдылықтың сақталуын, нарық жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді, шарттық және қаржылық тәртіптерді нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсету мен ауқымын кеңейту мақсатында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

- Сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүліктік мүддесін қорғайды.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Нақты салада жоғары техникалық (гидротехникалық құрылыс, жылумен жабдықтау, құрылыс-инженері, инженер-энергетик, инженер-механик) немесе заңгер білім. Нақты салада функционалдық бағыттарына сәйкес лауазымдарда қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем болмау керек;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпия туралы», нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы кәсіпорын қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі;

- Экономикалық және менеджменттік салада қызмет өтілі бар болуы, стратегиялық жоспарларды талдай білуі;

- Сонымен қатар, конкурсқа қатысушылардың уәкілетті органмен бекітілген кәсіпорын басшысының біліктілік талаптарына және лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес кәсіби білімі тексеріледі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының еңбек шартының көшірмесіне соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар, конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжат тапсырған тұлғаларды әңгімелесуге қатысу туралы шешім қабылдайды.

Әңгімелесуге жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде конкурсқа қатысушылармен мына мекен-жай бойынша әңгімелесу өткізеді: Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі № 16 ғимарат, телефон: 87242274032.

Аталған лауазымға орналасатын үміткерлер үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

**Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы**

# КОНКУРС НА ВАКАНТНУЮ ДОЛЖНОСТЬ

КГУ «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда объявляет конкурс на вакантную должность:

Руководителя ГКП на ПВХ «Қызылорда Су жүйесі».

**Функциональные обязанности**:

- Руководит в соответствии с действующим законодательством производственно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью предприятия, неся всю полноту ответственности за последствия принимаемых решений, сохранность и эффективное использование имущества предприятия, а также финансово-хозяйственные результаты его деятельности.

- Организует работу и эффективное взаимодействие всех структурных подразделений, цехов и производственных единиц, направляет их деятельность на развитие и совершенствование производства с учетом социальных и рыночных приоритетов, повышение эффективности работы предприятия, рост объемов сбыта продукции и увеличение прибыли, качества и конкурентоспособности производимой продукции, ее соответствие мировым стандартам в целях завоевания отечественного и зарубежного рынков и удовлетворения потребностей населения в соответствующих видах отечественной продукции.

- Обеспечивает выполнение предприятием всех обязательств перед правительством РК, министерством, региональным и местным бюджетами, государственными внебюджетными социальными фондами, поставщиками, заказчиками и кредиторами, включая учреждения банка, а также хозяйственных и трудовых договоров (контрактов) и бизнес-планов.

- Организует производственно-хозяйственную деятельность на основе широкого использования новейшей техники и технологии, прогрессивных форм управления и организации труда, научно обоснованных нормативов материальных, финансовых и трудовых затрат, изучения конъюнктуры рынка и передового опыта (отечественного и зарубежного) в целях всемерного повышения технического уровня и качества продукции (услуг), экономической эффективности ее производства, рационального использования производственных резервов и экономного расходования всех видов ресурсов.

- Принимает меры по обеспечению предприятия квалифицированными кадрами, рациональному использованию и развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных и благоприятных для жизни и здоровья условий труда, соблюдению требований законодательства об охране окружающей среды.

- Обеспечивает правильное сочетание экономических и административных методов руководства, единоначалия и коллегиальности в обсуждении и решении вопросов, материальных и моральных стимулов повышения эффективности производства, применение принципа материальной заинтересованности и ответственности каждого работника за порученное ему дело и результаты работы всего коллектива, выплату заработной платы в установленные сроки.

- Совместно с трудовыми коллективами и профсоюзными организациями обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой и производственной дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности рабочих и служащих предприятия.

- Решает вопросы, касающиеся финансово-экономической и производственно-хозяйственной деятельности предприятия, в пределах предоставленных ему законодательством прав, поручает ведение отдельных направлений деятельности другим должностным лицам – главному инженеру, заместителю руководителя, руководителям производственных единиц и филиалов предприятий, а также функциональных и производственных подразделений.

- Обеспечивает соблюдение законности в деятельности предприятия и осуществлении его хозяйственно-экономических связей, использование правовых средств для финансового управления и функционирования в рыночных условиях, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений, обеспечения инвестиционной привлекательности предприятия в целях поддержания и расширения масштабов предприниматель-ской деятельности.

- Защищает имущественные интересы предприятия в суде, арбитраже, органах государственной власти и управления.

**Требования к участникам конкурса:**

- Высшее техническое (гидротехническое строительство,теплоснабжение, инженер-строитель, инженер-энергетик, инженер-механик) или юридическое образование. Наличие не менее пяти лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности;

- Знание Конституции Республики Казахстан, Гражданского Кодекса Республики Казахстан, Трудового Кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», Закона Республики Казахстан «О государственных секретах», нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих в сфере деятельности данного предприятия;

- Наличие умение анализировать стратегическин планы, опыт работы в свере экономики и менеджмента;

- А также определяются профессиональные знания участников конкурса на основании квалификационных требовании и должностной инструкции руководителя соответствующего предприятия, утвержденных государственным органом.

Конкурс проводится в соответствии с Правилой назначения и аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры утвержденный приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 70.

Граждане, желающие принять участие в конкурсе, представляют в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда следующие документы:

1) заявление об участии в конкурсе;
2) резюме на государственном и русском языках;
3) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
4) копии документов об образовании;
5) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
6) справку о состоянии здоровья по утвержденной форме.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.).

Прием документов для лиц, изъявивших желание принять участие в конкурсе, заканчивается по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней со дня объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда.

Конкурсная комиссия принимает решение о допуске подавшего документы лица к участию в конкурсе в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня окончания приема документов.

После утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе, проводится собеседование с участниками конкурса в течение 10 (десяти) календарных дней в коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда по адресу: город Кызылорда, улица Жахаева № 16. Телефон: 87242274032,

Лицу, занявшему данную должность, подъемные расходы не оплачиваются, жилье и льготы не предоставляется.

**Конкурсная комиссия коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда**



# КҮРІШТЕН МОЛ ӨНІМ АЛЫНУДА

Сырдария ауданы бойынша егілген 21,8 мың гектар күріштің 9,0 мың гектары орылып, 7,0 мың гектары бастырылды. Егілген әр гектардан орташа есеппен 50,0 центнерден өнім алынуда. Күзгі егін жинау науқанына барлығы 989 ауыл шаруашылығы техникалары қатысуда.

Биыл мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында диқан қауымына су қажетті деңгейде жетті. Шаруашылық құрылымдары егілген ауыл шаруашылығы дақылдарына күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай жүргізді.

Сонымен қатар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанар-жағармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілді.

Аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі Н.Ілиясов ауылындағы «Мағжан и К» ЖШС жалпы 4291 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп, бүгінде жоғары көрсеткіш көрсетуде. Оның ішінде 2520 гектарға күріш егіп, әр гектарынан орташа 67,0 центнерден өнім алуда. Бұдан бөлек серіктестікте 664 гектарға бидай, 1107 гектарға ескі жоңышқа дақылдары егіліп, жиналды.

# ЧЕМПИОНДЫ КҮТІП АЛДЫ

Сыр елі жұртшылығы V дүниежүзілік көшпенділер ойындарының чемпионы Бексұлтан Бостандықовты Қызылорда вокзалынан құрметпен күтіп алды.

**Сырдария ауданының әкімі Б.СӘРМЕНБАЕВ:**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен биыл Астанада жалауын желбіреткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында спортшыларымыз жеңіс тұғырынан көрінуде.

Сарыарқа төрінен жақсы жаңалық жетіп, Сыр өңірінен аттанған жерлесіміз, тоғызқұмалақтан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Еуропа, Азия чемпионы Бостандықов Бексұлтан Хасенұлы көшпенділер ойындарында чемпион атанды.

Сырдария ауданының тумасы байрақты бәсекеде ел намысын қорғап, мерейімізді асқақтатты. Көптеген шәкірт тәрбиелеп, ұлттық спортымыздың дамуына үлес қосып жүрген Бексұлтанды жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің ұлттық спорт саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Еуропа, Азия чемпионы Б.Бостандықов ел абыройын асқақтатып, көк туымызды желбіретті. Көшпенділер ойындарында тоғызқұмалақтан барлық қарсыластарын жеңіп, чемпион атанды.

Күтіп алу сәтінде құрметті меймандар жерлесімізді жеңісімен құттықтап, сый-құрмет көрсетті.




# СЕНБІДЕГІ СЕНБІЛІК

"Таза Қазақстан" акциясы аясында Сырдария ауданы орталығында және елді мекендерде санитарлық тазарту бойынша сенбілік өтті. Сенбілікке аудандағы меншік түріне қарамастан барлық мекеме қатысты.



Тазарту шарасында әрбір мекеме қызметкерлері өздеріне бекітілген көше бойына тазарту жұмыстарын жүргізіп, шөп-шаланды шауып, қоқыстарды жинады.

Алдағы уақытта да сенбілік жұмыстары жалғасын табатын болады және барлық аудан тұрғындарын сенбілікке белсене қатысуға және тазалық сақтауға шақырамыз!

"Тазалық - мәдениеттіліктің өлшемі" деген бар, әр тұрғын өз үйінің маңайы мен ауласын таза ұстап, өңіріміздің таза болуына және одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық!

# КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтіп, күн тәртібінде 3 мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – «Бөтен мүлкі ұрлығы қылмысының алдын алу бойынша атқарылған шаралар туралы" аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Әділхан Қанзадаев хабарлама жасады. Полиция подполковнигі құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында жыл көлемінде атқарылған жұмыстар нәтижесін жеткізді.

Ал «Бұрын сотты болғандарды, оның ішінде пробациялық бақылау есебінде тұратын азаматтарды жұмыспен қамту және оларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша атқарылған шаралар туралы» екінші мәселе бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Мақсұт Қаратаев баяндады.

Үшінші мәселе "Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы" аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Әділхан Қанзадаев пен аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мейірхан Бақытжанұлы ақпарат беріп, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғалары мен онда зардап шеккендердің санын төмендету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

# ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Отбасы күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. «Отбасы – бақыт мекені» атты іс-шарада аудан басшысы жанұя бірлік пен ынтымақтың ошағы екеніне тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді» деп атап өтті.

Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қара шаңырақтан бастау алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен облыс орталығында «Отбасы», «Анаға тағзым» орталықтары ашылды. Жыл басында 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Клубтар мен мәдениет үйлері жанынан түрлі бағыттағы шығармашылық үйірмелерді қамтитын «Адал адам» рухани-мәдени



орталықтары жұмыс істеуде. Аудан орталығында ұлттық құндылықтар дәріптелетін «Руханият» орталығы бой көтеруде. «Балалы үй – базар» деп, әулетін ажарлы етіп, ұрпағына саналы тәрбие беріп отырған өнегелі отбасыларға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

# ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ



**8-13 қыркүйек аралығында елордада Ұлы даланы дүбірге бөлеген 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары дүркіреп өтті. Жер-жаһанның 90-ға жуық мемлекетінен келген 2500-ге тарта спортшы бір аптаға жуық көшпенді халықтардың төл спортынан сынға түсіп, 97 медаль жиынтығын сарапқа салды.**

## Қазақстан қоржынында қанша жүлде бар?

Алты күнгі аламанда Ұлттық құрама спортшылары 43 алтын, 32 күміс, 37 қола (жалпы 112 медаль) жүлде олжалап, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Ойындарда жалпы саны 33 елдің спортшысы медаль иеленді. Жүлде алған мемлекеттер қатарында мұхиттың арғы бетінен келген Канада мен Мексика өкілдері де бар.

## Қазақ күресіне қанша спортшы қатысты?

Дүбірлі дода аясында төл күресімізден өткен жарысқа әлемнің 44 елінен 294 палуан бақ сынады. Бұл – қазақ күресінің дүниежүзі бойынша қарқынды дамып келе жатқанының айқын көрінісі. Жүлде алған елдер қатарында көрші мемлекеттерден бөлек, Еуропа палуандары да бар. Атап айтқанда, қазақ күресінен белдесулерде Италия, Польша, Мажарстан, Нидерланд спортшылары жүлдеге қол жеткізді.

## Жанкүйері ерекше көп болған спорт түрі

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ең көп көрермен көкпар мен көкбөрі жарыстарына келді. «Қазанат» ипподромында өткен екі сайыстың да финалдық бәсекесін 20 мың (әр финалға 10 000 көрермен келді) жанкүйер тамашалады.

## Ең көп спортшы алып келген елдер

Қазақстан құрамасының спортшыларын есепке алмағанда, биылғы ойындарға ең көп спортшыны Қырғызстан құрамасы қосты – 172 спортшы. Ойындарға қатысқан ең жас спортшы - Хамза Амангелді. Аламан бәйгеде бақ сынаған Хамза небәрі 10 жаста. Ең егде спортшы - 80 жастағы испаниялық Соледад Хименес Каррион. Ол дәстүрлі садақ ату сайысында өнер көрсетті.

## Ойындарға қанша ерікті жұмылдырылды?

Спортшылар мен делегация өкілдеріне 1600 волонтер көмек көрсетті. Оның ішінде 20 шетелдік ерікті бар.

## 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қанша жылқы қатысты?

Көшпенділер ойындарында көп спорт түрі жылқылардың көмегімен ойналатын болған соң, биылғы додаға жалпы саны 499 бас жылқы қатысты. Оның ішінде 100 бас Ұлттық құраманың жылқысы, Ойындарды ұйымдастыру дирекциясы жылқысыз келген өзге елдердің қатысушылары үшін 300 бас жылқы жалға алған. Сондай-ақ, Қырғыз Республикасы 91, Өзбекстан Республикасы 8 бас жылқы әкелді. Сонымен қатар жарыстарға 41 құс қатысты. Оның ішінде 9 құс ұлттық құрамға, 8 құс Қырғызстан Республикасына тиесілі. 24 бас құсты өзге елдер үшін Құсбегілік федерациясы ұсынды.

## Черчесов жорықты жалғастыра ма?

**Футболдан Қазақстан федерациясының УЕФА құрамына кіргеніне биыл – 22 жыл. Осы уақыт аралығында аладоп бәсекесіндегі талай тартысқа куә болдық. Тарихи кездесулерде жеңіске жетіп, бөрігімізді көкке лақтырдық.**

Ұлттық құраманың УЕФА ұлттар лигасында асығы алшысынан түсті деуге болды. Жеңіс жорығы жалғасын тауып әлемдік деңгейде үздік ондыққа кіретін Дания секілді алпауыт құрамаларды сан соқтырдық. Осылайша ұлттар лигасының С тобынан В тобына көтерілдік. Мақсат – ұлттар арасындағы басты додада топ жару. Бірақ, қазіргі сәтте В тобындағы жағдай Александр Сорлогтың алаңнан қанжығасы майланбай кетті.

Ал ұлттық құраманың 9-ы қыкүйек күні Словенияның Любляна қаласындағы Стожице стадионында өткен ойыны күллі қазақ жұртын жабырқатып қойды. Аяқдопшыларымыз қарсылас қақпасына



біз ойлағандай болмай отыр. Өйткені 1 аптаның ішінде екі бірдей кездесу өткізген құраманың нәтижесі көңіл көншітпей тұр.

Былай ғой, Қазақстан ұлттық құрамасының топтағы негізгі қарсыластары Норвегия, Аустрия және Словения құрамалары. Қыркүйектің 6-шы жұлдызында Алматыдағы орталық стадионда ұлттық құрама бапкері С.Черчесов өзінің дебюттік кездесуін өткізді. Абырой болғанда, С.Сольбаккен шәкірттері, яғни норвегиялықтармен тең тарқасып, 1 ұпай еншіледік. Осылайша «Біздің жігіттер үздік ойыншылармен толыққан құрамға мүмкіндік бермеді» деп қошеметімізді жаудырдық. Шыны керек, ол кездесуде ел аяқдопшылары намысқа тырысып, жанкүйерлерін қуантты. Қорғаушылар – Нұралы Әліп, Әлібек Қасым, Александр Марочкин үштігі сыр бермей, қақпадан саңылау табуға мүмкіндік бермеді. Осылайша атақты Лондондық «Арсенал» ойыншысы Мартин Эдегор, «Манчестер сити» жұлдызы Эрлинг Холланд, «Атлетико Мадрид» шабуылшысы

гол соқпастан 3-0 есебімен ойсырай жеңілді.

Ашығын айту қажет, Словения құрамасының шабуылшысы жалғыз Шешко ойынның тағдырын шешті.

Германиялық «РБ Лейпциг» ойыншысы үш голдың авторы атанып, қорғаныстың тас талқанын шығарды. Норвегиямен ойында қорғаушыларды көп мақтап қойсақ керек, олар бұл кездесуде мүлдем белсенділік таныта алмады. Жеңілістен соң ұлттық құрама бапкері Станислав Черчесов «Біз сегіз сағат ұштық, бұл өте ұзақ уақыт. Сондай-ақ Словения өте мықты қарсылас. Олар өте жинақы ойнап, өздерінің алаң қожайыны екенін көрсетті» деді.

Отандық футболшылар келесі кездесуді 10 қазан күні Аустрия құрамасына қарсы сырт алаңда өткізеді. Топтың соңғы орнына жайғасқан жігіттердің алдағы ойындарда ес жинауы қажет. Әйтпесе, біз үшін ұлттар лигасының басты додасы көзден ғайып болғалы тұр.

**Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ**